

КРИСТИНА РОЙ

ҮШ ДОС



ШЫҒЫС
СӨУЛЕСІ

05.140

ҮШ ДОС

Кристина Рой

Суретші В. Гаврилов

Кристина Рой

Үш дос. Повесть. Словак тілінен аударылған

Қазақ тілінде бірінші басылымы, 103 бет.

© 1993 «Шығыс сәулесі» баспасы, Алматы

1. ФИЛИНА АҒАЙДА

Бүкіл жарық дүниеден бірін-бірі осыншалық жақсы көретін осы үшеуі сияқты достар табыла қояр ма екен! Олар бақташы шал Филинаның тәрбиесі мен қамқорлығына берілген болатын. Бұл достарды: Петір, Ондрейко және Фидель, — деп атайтын. Филина жас достарына сәл тұжыраңқы көрінгенімен, қайырымды әрі сенімді адам болатын. Балалар оны «ағай» — деп атады.

Петірдің ата-аналары бір мезгілде дерлік қызба ауруынан қайтыс болды да, қауым оны асырауға берген еді. Сөйтіп, ол Гемерскийлерге тиісті шабындықта тұратын Филина ағайға — өзінің туған атасының туысына келіп қоныстанды. Осы бір бақташы лашығында бала өзін бақытты сезінетін, әрі қауіпсіз тұратын.

Андраш фон Гемерский, — деп аталатын Ондрейко дәрігердің ұйғарымымен-тау ауасы, қой сүті мен ірімшігі оның денсаулығына жақсы болады, — деген үмітпен қарт бақташыға жіберілген еді. Бала екі жасқа толғанда оның ата-анасы ажырасып кетті. Шамалы уақыт анасы баласына қамқорлық жасап тұрды да, содан соң оны жат адамдардың қамқорлығына беріп, өзі кетіп қалды. Бұл әйел — әйгілі әнші болған еді. Ондрейко оны еміс-еміс білетін. Рас, ол бір рет оған келіп кетті. Әйел өте әдемі еді. Баласына бір үлкен қорап тәтті-мәтті, әткеншек ат, керней және басқа да көптеген сыйлықтар әкелді, бірақ... бұдан соң бала анасын енді қайтып көрген жоқ. Ондрейко бірде әкесі мен шешесі жөнінде сұрағанда, — жарық дүниеде енді ешкімің жоқ, — деген жауап алды. Бала фон Гемерскийдің иелігіндегі қорғанда тұрып жатты, бірақ оның

денсаулығы күн өткен сайын нашарлай түсті, сөйтіп, ол кешікпей сөніп бара жатқан шырақтай болды.

Дәрігер баланы таза ауаға жіберуге кеңес берді. Осылайша Ондрейко Филина қартқа келді. Бұл жерде оған ұйықтайтын бөлме берілді жұмсақ төсегі бар әсем кереуетті қорғаннан әкеліп қойды, ал лашықтың алдынан оған арнап отырғыш жасалды, отырғышта ол жиі-жиі дем алатын.

Үшінші дос төрт аяқты Фидель болатын. Ол барлық жерде Петір мен Ондрейконың ізіне бар ынтасын сала еріп жүретін, тек түнде ғана Ондрейко өзінің жылы төсегіне сүңгіп, ал Петір шөп сарайдың төбесіне өрмелеп шықпақ болып, сатыны қойған кезде Фидель де ұйықтау үшін төменде қалатын...

Қарт бақташы, Филина ағай — биік бойлы кісі еді. Оның әжімді жүзі үнемі дерлік сұсты көрінетін; тістері сүт сияқты аппақ, ал басында бір тал да ақ шаш жоқ, тек қою қастары ғана сәл ағарған; ал қап-қара бүркіт көздерінің үстінен қабағын түкситкен кезде, осы көздер қатал қарап, таудың үстінде қаһарлы бұлт түнергендей әсер қалдыратын... Сөйтіп, осы «қаһардан» тек балалар мен бақташылар ғана емес, бәрі де: тіпті табын мен жайылымдағы сабалақ жүнді төрт аяқты күзетшілер де қорқатын. Филина ағайды ашуландыру оңай емес еді, бірақ сөйте қалса, кінәлі жанға сор келді деңіз!... Ондрейко мырзаның ұлы болғанына қарамастан, ол оған да кеңшілік бермейтін. Бала тыңдауға үйренбеген еді, бірақ Филина оған ақырып және саусағын тигізбесе де, оны осы бір қиын өнерге үйретті.

Дәрігер баланы әкелгенде қартқа былай деді:

— Баланың қара нан және сүт ішуі керек; ол тек тәттіні ғана жеуді тәуір көреді, ал бұл оған зиян. Ол таңертең мұздай сумен жуынуға тиісті, ал бұл да оған ұнамайды. Бірақ сіз оның Гемерский екеніне мән бермеңіз, бұл мәселе оның денсаулығымен байланысты.

— Иә, несі бар, — деп жауап берді ағай қастарын түксітіп, — бұл еркетотайды жөнге салармын.

Сөйтіп, ол оны жөнге салды. Алғашқы күннен-ақ Ондрейконың тәйтіктенуге батылы бармады, ал қазір?... Бұл оның ойына да кіріп шыққан емес! Өйткені баланың Филина ағайдан басқа жарық дүниеде ешкімі жоқ еді. Күндіз Филина ағай балалардың немен айналысып жүргеніне көңіл аудармайтын, бірақ кеш түсіп, табынды айдап әкелген соң олар онымен бірге лашықтың алдында: біреу оң жағында, екіншісі сол жағында отыратын; Сол кезде балалар оған бәрін айтып беруге тиісті болды. Фидель өзінің сабалақ басын өз қожасының тізесіне сүйеп, күні бойы өзінің не істегенін ол да айтқысы келгендей, оған ақылды көздерімен қарап қалатын. Төбет жас еді, сондықтан оның мұрны мен құлақтарына қарап, оның ақымақ екенін де көруге болатын. Кейде төбеттің жүнінің ұйпа-тұйпасы шығатын, өйткені ол Белко және Царай деген кәрі иттерді қуып жүретін.

Ағай балаларды, олар түнемелік жерге айналдырғысы келген пішен сарайда алғаш рет көргенде, қастарын түйді, сөйтіп, олар қорқып кеткенімен, ештеңе де болған жоқ. Ол бұларға тек Ондрейконың өзіне ақжайма матаны төсеп, жылырақ қымталуы керек екендігін айтты.

2. ЖЫН-ПЕРІНІҢ АҚЫЛЫ

Түстен кейінгі жексенбілік күндердің бірі еді. Орманда мерекелік тыныштық салтанат құрған, кішкентай достар орман ішімен жүгіріп келеді. Олар мерекедегідей киінген, өйткені Филина ағай жексенбінің киесін біреу-міреу бұзғанын ұнатпайтын. Шіркеуге баруға жарайтын

әрбір адам жолдың екі сағатқа созылатынына қарамас-тан, баруға тиісті еді. Филинаның өзі шіркеуде сирек болатын, өйткені алысқа жүре алмайтын. Бірақ ол дегенмен де, бүгін шіркеуде болған, сондықтан балалар оны қарсы алуға келе жатыр еді. Кетіп бара жатып, ол балаларға Інжілдің аяттарын жаттап алуға тапсырма берген, осыған орай олар бір-бірінен сұрап, сабақты пысықтап келе жатты. Кенет Петір үнсіз қалып, Ондрейконың жеңінен тартып қалды да, оған үнсіз ишарамен ағаштың құлап жатқан діңін көрсетті. Сол діңнің үстінде басын екі қолымен таянып, қандай бір ауырлық өзін жерге тартқандай Филина ағай отыр.

— Оған жақындамай-ақ қояйық, — деді Петір. — Ол қатты қайғыға беріліпті.

— Ондрейко басын изеп қойды.

— Бірақ, — деді ол сәл ойланып, егер жанына барсақ, мүмкін, оны көңілдендіре алармыз?

Ағай бұтақтардың сықырын естіп, басын көтерді. Балалар тоқтай қалды. Бару керек пе немесе жоқ па?

— Сендер қайда барасыңдар? — деп сұрады Филина ағай. Олар жақын келді.

— Біз сізбен жолығуға келдік, ағай.

— Солай ма? Неліктен сендер мені қарсы алуға келдіңдер?

Ағайдың әдеттегі дәрекі дауысы бүгін басқаша естілді.

— Өйткені біз сіз үшін қорықтық, — деп жасқаншақтай мойындады олар ағайдың аяғының жанындағы мүктің үстіне отырып жатып.

— Сіз неліктен қапалысыз, ағай?

Петір бұл сұрақты қоюға батылы барған Ондрейкоға қорқынышты пішінмен қарады. Ал, егер, кенеттен, ағай ашуланып қалса қайтер еді?

— Сенің ойынша, мен қапалымын ба?

Ағай баланың сарғыш шаштарынан сипап қойды, со-

ған түскен күн жарығынан шаштары шұғыла құсап, баланың жүдеу жүзін көмкеріп тұр.

— Шынымен, сіз қапаланған жоқсыз ба?

Бала ағайдың көзіне зер сала қарады.

— Иә, балақаным, мен қапалымын, сөйтіп, сендер маған жолығуға келгендерің жақсы болды. Ал қазір, әзірше осы жерде отырып дем алайық, сендер маған тапсырмаға берген Інжіл аяттарын әңгімелеп берулеріңе болады.

Балалар кезек-кезек бай мен кедей Лазарь туралы нақылды әңгімелеп берді.

— Ағай, — деп сұрады Петір, — ол бай неліктен кедей Лазарьға көмектескен жоқ?

— Неліктен дейсің бе? Өйткені оның жүрегі тас қой. Одан анау иттер жақсы. Балалар, осыны еске сақтаңдар және құсқа, немесе қандай бір болмасын аңға ешқандай зиян келтіріп жүрмеңдер. Олар бізден көп артық. Ал енді жүрейік!

Ағай Ондрейконың қолынан ұстап, ал Петірге әндер жинағын берді де, олар үйге жүріп кетті. Жайылым жақтан қоңыраулардың сыңғыры, ал анда-санда Белко мен Царайдың үздіксіз үргені естілді; осы кезде ең жас бақташы Стево құйқылжыта ойнаған сыбызғы сазы естілді. Ол словак халық әнін қатты тартуда. Таудан мұны жаңғырық қайталап жатыр. Балаларға бұл әуен таныс еді, сондай-ақ олар бұл әннің сөзін де білетін. Ағай қандай бір ауырлық еңсесін езгендей, басын салбыратып жүріп келеді.

Кешкі астан кейін олар, әдеттегідей, бақташы лашығының алдында отырды. Ағай ағаш діңінде, балалар оның аяғының жанында отыр. Достар бір-біріне қарап қойып, ағайдан бірдеңені әңгімелеп беруді сұрауға батылдары жетпеді. Ол әр алуан оқиғаларды білетін, өзінің жақсы көңіл-күйі болғанда өте қызықты әңгіме айтатын.

— Мархабат, ағай, бізге бірдеңе айтып берсеңіз! — деп сұрады Ондрейко оған жалынышты жүзбен қарап.

Ағай селк етіп, осы бір тамаша, жалынышты көздерге сәл сәтке қарады. Содан соң терең күрсініп былай деді:

— Сендер менен неге қапалы екенімді сұрадыңдар ғой. Бұл маған күндіз-түні тыным бермейтін өте бір қайғылы оқиға.

— Айтыңызшы ағай, — деп сұрады балалар, ал бәріне қатысы бар Фидель болса, ол да жалынышты түрде басын өз қожасының тізесіне салды.

— Мен бүгін сендерге әлі жарық дүниеде ешкімге айтпаған, өзіме байланысты бір мәселені әңгімелеймін, — деп бастады Филина ағай.

— Мен бес жасқа толғанда шешем өліп, әкем үйге бір басқа шешені әкелді. Бұл сүйкімді жас әйел жесір еді. Онымен бірге бұрынғы күйеуінен туған ұлы — Истванько да келді. Мен саған қарасам Ондрейко, ол менің көз алдымда тірі күйінде: басында дөңгелек кепкісі бар, үстінде әр түрлі өрнекпен кестеленген жейде және кең балақ шалбар киген қалпында тұрғандай әсер аламын. Ол әдемі әрі сүйкімді болатын. Мен әкемнің ең кенжесі едім, үлкен балаларының бәрі өліп қалған еді. Менің ешқашан да бауырым болған жоқ, міне, ол бауыр болу үшін келді. Сендердің екеуіңнің бір-біріңді жақсы көретіндеріңді білемін. Бұл да менің балалық шағымды еске салады. Бірақ менің оны жақсы көргенімдей, тіпті бірге туған бауырлар да бірін-бірі жақсы көре алмас еді. Біз бір жылда туғанбыз: мен күшті болсам, ол әлсіз; ал мен жабайы болсам, ол момақан; мен өңсіз болсам, ол әдемі еді. Бірақ осының бәріне қарамастан, біз бір-бірімізді жақсы көретінбіз, сондай-ақ біздің ата-аналарымыз да бұған аз қуанбайтын. Олар менің оны қорғайтынымды білетіндіктен, оны қамқорлығыма қалдырып кететін, сондай-ақ оған да маған қарауды шын көңілден тапсыратын. О, үнемі

осылай болса ғой! Бірақ ескі мақалда: «Шайтан өзі бара алмайтын жерге кәрі қатынды жібереді», — деп бекер айтылмаған ғой. Сөйтіп, ол бізге де бірде кәрі қатынды жіберді. Ол менің әкемнің туысы, сенің үлкен әжең еді, Петір. Ол бізге бір тамаша күні келіп, мені оңашаға шығарып алып, бәрі жөнінде: шешем мені ұната ма, әкем маған қалай қарайды, — дегенді, Истванько және басқаларын сұрай бастады. Содан соң ол — байғұс жетім, — маған аяныш білдіріп, егер кімде-кімнің өгей шешесі болса, ол сонымен бірге өгей әкеге де ие болады, — дегенді айтып, әкең сені Истванькоға қарағанда аз жақсы көреді, — дегенді айтты. Ол бізде ұзақ болған жоқ. Ол қалай күтпеген жерден келген болса, солай елеусіз кетіп қалды, бірақ ол кетісімен Истванькоға менің де сүйіспеншілігім жойылды. Оны әлгі әйел ұрлап кетті. Мен жабайы өсіп, көп сотқарлық жасағандықтан, әкем де мені көбірек жазалауға тиісті болды. Истванько болса, әкем мен шешемнің көзіне қараған бойдан бәрін орындайтын, сондықтан ол ешбір жаза да алмайтын. Мен енді үнемі туыс кемпірдің: «Әкең оны жазаламайды, өйткені оны көбірек жақсы көреді әрі шешесі де әрқашан арашаға түседі», — деген сөздерін еске түсіріп жүрдім. Маған арашаға түсетін ешкімім жоқ, сондықтан жазаға жиі ұшыраймын, — деп ойлайтынмын. Бірақ анам мен үшін жиі-жиі сиынатын. Ол өте жақсы әйел еді және маған ешқандай да зиян келтірген жоқ еді. Бірақ мен оның өзімді бұдан да жақсы көруін, тіпті өз ұлынан да жақсы көруін қаладым. Менің өшігуім мен күншілдігім жыл санап, біз қазіргі сендердей үлкен болғанша өсе түсті. Мен қазір сендерге өзім ешқашанда ұмыта алмайтын, қазіргі күнге дейін жанымды жегідей жеп, насырымды жерге бүгіп келе жатқан оқиғаны әңгімелеп беремін.

Үнсіз қалған ағай қолымен қарсы жатқан төбелерді көрсетті.

— Анау биікті көріп тұрсыңдар ма?

Балалар қостаған сыңаймен бастарын изеп қойды.

— Міне, сол төбенің жанында бір кездерде біздің үй мекен еткен еді. Қазір күн түсіп тұрған жерді көріп тұрған шығарсыңдар, сол жайылымда тігіншілер тұратын, біз оларға жиі-жиі мата жасауға арналған жүн әкелетінбіз. Сол жайылымға екі жол баратын: жолдың біреуі биік жартастар бойлаған алаң арқылы, екіншісі аңғар арқылы баратын. Соңғы жол жақын, бірақ қауіпті болатын, өйткені мұнда батпақ бар еді, егер батпаққа адам түсе қалса, одан өз бетімен шыға алмайтын. Батпақтың кейбір жерлерінен мүк басып кеткен тастар сорайып шығып тұрды. Бұл жолды жақсы білетін адам оның үстіне епті болуы керек; сонда ғана сол тастардың көмегімен басқа жағалауға жете алуы мүмкін. Дегенмен де, мұндай асудан өтуге тәуекел жасаған адамның әрқайсысын сұмдық күш тереңге тартып әкететін секілді көрінді.

Бірде ата-анамыз бізді тігіншілерге жүн апарып беруге жұмсады. Ол жаққа біз, өзімізге айтылғандай, алаң арқылы баратын жолмен жүріп келе жаттық. Кейін қайтып келе жатқанымызда, Истванько өзіне тігіншінің әйелі берген алманы маған берді. Мен оның қалтасында шешесі берген тағы бір алманың бар екенін байқап қалдым. Маған шешем жолға ештеңе берген жоқ. Кетіп бара жатқанда мен онымен қоштасқан да жоқпын, өйткені ол менің түйіншекті алып кеткенімді байқаған жоқ. Бірақ енді тігінші әйелдің дым бермегені маған күйінішті болғаны сондай, мен қатты ызаланып, өзіме Истванько берген алманы лақтырып жібердім. Мен одан да жылағанымда дұрыс көрдім. «Сонымен, — деп ойладым мен, — кемпірдің айтқаны дұрыс екен: менің ешкімге керегім жоқ, менімен ешкім есептеспейді. Бәрі де тек Истваньконы жақсы көреді... сөйтіп, әрқашан осылай болады». Біз көрмесек те жын-перінің ақыл беретінін әрі біздің не ойлап, не істеу керектігін сыбырлап кететінін

мен естіген едім. Бұл рас па екен — ол жағын білмеймін, бірақ сол кезде ол менімен бірге болып, маған сұмдық эээзілдік ақылын берді. Бұл ақылды тек сол ғана бере алады. Біз қйтып келе жатқанда мен Истванькоға: «Тау арқылы жүру тым алыс, канекей, төменмен барайық, бұл жақтан жақынырақ», — дедім. «Бірақ апам бізге алаңқай арқылы жүру керектігімізді айтты ғой, — деп қарсы болды ол, — оның үстіне әке де бізге шалғынмен жүрмеу керектігін айтып, ауладан айқайлаған еді».

Бірақ асуға жақындағанда — мен аяғым ауырады, башпайымды жарақаттап алдым, — деп оған шомырт тікенегін кіргізіп, шағым айттым. Истванько мені аяды, сөйтіп, осының бәрін ата-анамызға айтсақ, бізге ұрыспас, — деп келісті. Сонымен, біз төменгі жолмен кеттік. Жұмсақ, үлпілдек кілем сияқты жердің үстімен біз батпаққа дейін аман-сау жеттік. «Байқа, енді сен тастан-тасқа секіруің керек!» — деп мен Истванькоға айқайлады да, алға қарай ұмтылдым.

Ол менен жағалауға дейін қалмай келді, тек әлі де бір тас қалған еді. Менің бойым биік, сондықтан ұзын аяқтарым өзімді басқа жағалауға аман-сау жеткізді. Истваньконың бұлай істей алмайтынын білетін мен оған-қалқыма шөп бұталарының арасымен өт, — деп айқайлады. Ол осылай етті де, екі бұтадан сәтті өтті, бірақ үшінші бұта оның аяғының астынан сырғи бастады. Қорқып кеткен ол қайтадан тасқа шықты. «Сол жерде тұр! — деп айқайлады мен оған. Осы жерге жақын маңда орманшы тұрады, оны ертіп келемін, ол саған көмектеседі». Міне, мен осыны істедім! Мен мүмкін болғанынша, тез жүгірдім, бірақ... орманшының үйіне қарай емес. «Петруша, кетпе, мені тастама, мен қорқамын!» — деп айқайлады Истванько, іле-шала мұның артынан оның: «А...на...шым!» — деген жан түршіктірерлік айқайы естілді.

Бұл айқайды мен жылдар бойына күні-түні естіп

келдім, оны қазір де естудемін, бәлкім, өзімнің өлім алдындағы ақтық сағатымда да еститін шығармын, тіпті бұл дауыс ана дүниеде де менімен ілесіп жүрер. Мен әлі кішкентай бала едім, бірақ жауыз балақан болатынмын; ал сол сәтте сезімсіз, тас сияқты қатып қалғанмын. «Ол шүбәсіз құлап түсіп, батып кетті, — деймін өзіме-өзім. — Енді оған ешкімде алма бермейді, сөйтіп, адамдар тек мені ғана жақсы көреді». Мен өз бауырын өлтіріп, Құдайдың дидарынан жасырынған Қабылға ұқсап, тау арасымен жападан-жалғыз жүгірдім. Бірақ кенет мені айтып жеткізгісіз жабайы ауру биледі; жуырда ғана маған: «Оны батпаққа батыр», — деп сыбырлаған сол дауыс енді: «Сен үйге бара алмайсың, сенен Истванько туралы сұраса, не деп жауап бересің?» — деп сыбырлады.

Сілем қатып, титықтаған мен жерге жата қалып, қатты еңіреп, ақыр аяғында, ұйықтап кеткенше тоқтаусыз жылай бердім. Ертеңгісін, таң атқанда отын тасушылар келіп, мені танығасын арбасына отырғызып, үйге әкелді. Менің көп ұйықтағаным соншалық, кеше не болғанын бірден есіме түсіре алмадым, мен ауыз бөлмеге бардым да, есікті ашып қалдым. Күн шығып келе жатқан кезде біздің қонақ бөлмеге жарығын түсіретін. Бүгін де сондай екен. Күн әкемнің кереуетіне жарығын түсіріпті... де...

Ағай одан әрі сөйлей алмай қалды, көз жасы оның бетінен сырғанап жатты.

— Одан әрі ағай, әрі қарай не болды? — деп сұрады балалар.

— Күн сәулесі түсіп тұрған сол кереуетте кішкентай періштеге ұқсап, біздің Истванько ұйықтап жатыр екен. Шешем оның кереуетінің жанында отыр. Менің көзім қарауытып кетті, сөйтіп, егер әкем мені ұстап қалмаса, еденге құлап түсуім кәдік еді. Есімді жинағанымда менің жанымда әкем мен шешем отыр.

— Ол батып кетпеген бе?! — деп шаттана қуанды балалар.

— Жоқ, ол тек аунап кеткен екен, бірақ жақын маңда оны шығарып алатын ешкім болмады. Біздің Белко деген итіміз бар еді, сол осы Фидельге ұқсап, бізге барлық жерде еріп жүретін. Сол күні біз оны тастап кеткенбіз, бірақ ол біздің соңымыздан іле-шала жүтіріп шықты. Истваньконың аяғының астындағы тас батып, ол тепе теңдігін жоғалтып, батпаққа құлап кеткен сол сәтте ол итті Құдайдың Өзі жіберді. Белко оның шашынан тартып, жағалауға дейін сүйреп апарады да, оқиға болған сол жерге орманшыны келтірудің сәті түскенге дейін үріп, ұли берді. Орманшы Истваньконы алып, оны өзенге әкелді де, жуындырып, үйге жеткізді. Мен болсам әкем сазайымды берер, — деп күткенмін, бірақ ол мұны істеген жоқ. Анашым да мені сүйіп, құшақтап жатыр. Ертеңгі астан кейін, ата-анам менің жанымда әбігерленіп қалды; сөйтсем, мен, еш жерде жоқ болғандықтан, батып кетіпті, — деп ұйғарған екен. Олардың екеуінің де мені жақсы көретініне тағы да көзім жетті, бірақ бұл мені қуандырған жоқ. Шындықтың бәрі әшкерленеді әлі, — деп ойладым. Бірақ қазір олар мәңгілік тыныштықта жатыр және менің олардан кешірім сұрай алмайтынымды бәрі біледі. Истванько менің оған істегенімді жасырды, сөйтіп, біз тағы да бір-бірімізді бұрыңғыдай жақсы көріп кеттік. Мен енді оны бұрыңғыдай күндеген жоқпын және әкемнен де, анамнан да қызғанбайтын болдым. Мен оларды өзімді жақсы көретінін білетінмін әрі сезетінмін, бірақ сонымен бірге, бұл сүйіспеншілікке лайықты емеспін деп санадым. Белкоға енді қарай алмай жүрдім, Истваньконы иттің құтқарғаны мені үнемі азаптайтын, ал мен болсам, оны батырып жіберуге ниеттендім ғой. Дегенмен де, Қасиетті Құдай оны өзіне алып кетті, ал Құдайдың қаһары мені болса, әлі күнге дейін езе түсуде. Сондықтан да мен:

жануарларға ешқандай зиян келтірмеңдер, олар адамнан артық Құдайды қаһарландырмайды, — деп үнемі айтып жүремін. Жарайды, жетер енді! Ұйықтауға барыңдар! Балалардың әлі де көп сұрақтары болғанымен, бір-біріне «Қайырлы түн!» — деп түнемелік жерге кетті. Пішен сарайда олар Истванько жөнінде: оның жылым батпақ үстімен қалай жүргенін, оның аяғының астындағы тастың қалай аунап кеткенін және оның батпаққа сәл-ақ батпай қалып, оны иттің қалай құтқарғанын әлі де ұзақ уақыт әңгімелеумен болды.

— Мен енді Филина ағайды бұрынғыдан әрі аяймын, — деді Ондрейко. — Ол мұны ешқашан ұмыта алмай жүр, осының бәрі оған ауру мен азап туғызуда; оған Тәңірім ызасын төгуде.

— Ал қазір Истванько қайда? — деп сұрады Петір. — Егер ол сол кезде ағаймен бір жаста болса, қазір де ағайдың жасында болуға тиісті ғой!

— Мүмкін, ағай ол жөнінде бізге басқа бір кезде айтып берер.

3. ЖАҢА ДОС

Бүкіл апта бойына Филин ағайдың жұмысы көп болды, сондықтан балалар да өздерінің қолынан келгендерін істеуге тырысып бағумен болды. Ондрейконың халін білуге сейсенбі күні дәрігер келді. Ондрейко оған өзінің Петірмен бірге пішен сарайда ұйықтайтынын айтқанда дәрігер бұған өте қуанды.

— Дұрыс, балақаным, бұл саған өте пайдалы. Сенің әкең, әрине, үлкен барин және үлкен шонжар, бірақ бәрінің өз уақыты бар. Өмір болса, көрерміз, сәтті күн туғанда бұл таулар словактікі болады, ал сенің ата-бабаларың ізгі словак ретінде өмір сүрген жерде сен де

сондай болып, қожалық етесің. Өз әкеңнің тілін үйрен және ол бір кезде егін еккен өзіңнің туған жеріңді сүй.

Балалар оның не айтқанын түсінген жоқ, бірақ дәрігердің өздеріне жақсылық ойлайтынын сезінді.

Кеш түсті. Дәрігер балалармен бірге пішен сарайда ұйықтауға тілек білдірді. Таңертең ертеңгі астан кейін балалардан өзін шамалы жерге шығарып салуды өтінді. Жол бойында Ондрейко өз әкесі жөнінде сұрастырды. Ол өз әкесінің қазір Парижда тұратынын және бұл жазда да келмеуі ықтимал екендігін білдірді. Бала жеңіл күрсінді, өйткені ол әкесінің келуімен бірге Филина ағай және Петірмен қоштасуға тура келетінін білетін. Дәрігер балалардан үйге қайтулары керектігін айтқанда олар оның киген ши қалпағы көзден таса болғанға дейін, соңынан қолдарын былғап тұрды. Сол кезде олар тағы да бір рет дәрігерді көрмекші болып жартастың үстіне өрмелеп шықты. Бірақ ол енді көрінбеді. Есесіне құз жартастың басқа жағынан олар тамаша аңғарды және ондағы кішкентай үйшікті көрді. Шатыр жабылған кішкентай терезелері бар ағаш үйшік ертегіге ұқсайды. Үй, бастауын құз жартастағы қайнардан алып жатқан, бұлақтың жанында тұр. Стево кейде балаларға осындай үйшіктерде тұратын жалмауыз кемпірлер туралы ертегілер айтатын. Лашықтың алдында үлкен ақ төбет күнге жылынып жатты. Балалармен ақымақ Фидель бірге болса, ол онымен міндетті түрде жанжалдасар еді. Балалар лашыққа қарап тұрған кездерінде, кенет есік ашылып, одан... жалмауыз кемпір емес бала шықты! Қысқа плащ, биік етікпен дөңгелек кішкентай кепкі киген ол бұлардан ересек еді. Баланы көрген ақ төбет оның маңында құйрығын бұлғандатып, секіре бастады. Бала итті сипап, күліп қойды. Енді олар құзға қарай, осы кезде Петір мен Ондрейко тұрған бағытқа қарай жүрді. Төбет бұларды алдымен байқап қалды да, тоқтай қалды. Ит жас емес, бірақ ақылды сияқты.

Балалар кенет бір-бірлеріне бетпе-бет кездесіп қалды. Бейтаныс бала киіміне қарағанда бұл жердікі емес сияқты. Бұлармен ілтипатпен сәлемдескен ол мұнда не істеп жүргендерін және қайдан келгендерін сұрады. Ондрейко мен Петір дәрігер мырзаны шығарып салғандарын, бірақ мынау ертегідей үйшікті көріп қатты таңқалғандарын айтты. Ондрейко бұл үйшікте кім тұратындығын баладан жасқана сұрады.

— Бұл біздің үйшік, — деп жауап берді бала, — бірақ мен мұнда бір апта бұрын Тренчик жақтан әкеммен бірге келдім. Менің шешемнің ағасы қайтыс болған еді, сөйтіп, оның жақын туыстары болмағандықтан, бұл лашық менің шешеме мұраға қалды. Әкем үйшікті сатқысы келіп еді, бірақ оған өте жақсы ағаштары өсіп тұрған орман алқабы да қарайды екен; ал ағаш болса біздің кәсібіміз үшін де пайдаға жарайды. Біз осы жерде біршама уақыт боламыз, ағаштарды өңдеп, содан соң өзімізбен бірге алып кетеміз.

— Мынау сенің итің бе?

— Бұл біздің Дунай, — деп жауап берді бейтаныс бала. — Оның үйде қалғысы келмеді, сондықтан оны өзімізбен бірге алып кетуге, тіпті билет сатып алуға да тура келді.

— Бірақ сіздер оны өздеріңізбен бірге купеге ала алмадыңыздар ғой? — деп батылдана сұрады Ондрейко.

— Әрине, жоқ. Бірақ оны отырғызған жер оған мүлде ұнаған жоқ. Ол бостандыққа тағы да шыққан кезінде мені қуанғанынан сәл құлатып кете жаздады. Солай ма, Дунай?

Төбет өз қожасының аяғында жатып, құйрығын бұлғандатып қойды.

— Біздің де итіміз бар, тек ол әлі жас.

— Бірақ ол өскен кезде, сіздікі сияқты үлкен болады, — деп қосып қойды Петір.

— Сен қайда барасың? — деп сұрады Ондрейко бейтаныс баладан.

— О, тек құзға шығып, ар жағында не бар екенін көргім келеді. Біздің үйдің жанында да осындай құз бар, бірақ биігірек және ендірек, сондықтан басына шыққанда «Күн елінде» тұрғандай боласың. Ал найзағайдан кейін кемпірқосақ пайда болған кезде — Жақып түсінде көрген аспан қақпасын көріп тұрмын, — деп ойлап қаласың. Бір кезде мен — нақ осылай, — деп ойлайтынмын. Бүгін мен Иса Мәсіх Тәңірдің әрқашанда бізге келіп тұруы үшін аспанның барлық жерден ашық екенін білемін. Сендер Оны білесіңдер ме?

— Кімді? — деп сұрады таңқалған достар.

— Құдайдың Ұлы, Иса Тәңірді!

Екі балақан да бастарын шайқады.

— О! — деп таңқалды бейтаныс бала. — Мен онда сендерге Ол туралы айтып берейін!

— Бір сағат біз отыра аламыз, — деді Петір. Оған жаңа таныс өте ұнап қалғандықтан, ол онымен шын ниетімен достасар еді. — Осы жерде жартасқа отырайық.

— Мен алғаш рет «Күн еліне» кез болғанымды және ол жерден қандай Кітап тапқанымды сендерге әңгімелеп берейін, — деп бастады бала. — Ол Кітап қазір де менде. Бірақ алдымен өздеріңнің аттарыңның қалай екенін айтыңдар? Мені бір кезде Мишко, — деп атағанымен, менің атым Палко. Бірақ бұл ұзақ оқиға.

— Менің атым — Петір, ал оның аты — Ондрейко. Бұрын оны да басқаша, мадьярша атайтын; бірақ Филина ағай бұл атпен атаудан тілін бұрап сөйлеген соң бас тартты. Бірақ Ондрейко деген де жақсы ат қой! — деп жауап берді Петір.

— Иә, жақсы ат екен. Иса Тәңірдің шәкіртін осылай атаған, ол Оған бес наны мен екі балығы бар баланы әкелген. Бұл оқиға да менің Кітабымда жазылған. Осы аралықта балалар құздың шыңына шықты. Тасқа ың-

ғайлы жайласқан олардың жаңа досы қағазбен мұқият қапталған Киелі кітапты шығарып, оны оқи бастады.

Балалар оны кешке дейін тыңдауға дайын еді, бірақ осы кезде Фидель пайда болды да, балалар ағайын естеріне алды. Ол бұлардың ұзақ уақыт жоқ болуына қалай қарар екен? Олар жинала бастап, өздерімен бірге жүруге Палконы шақырды, өйткені оның көп кешікпей өздеріне барып тұруы үшін бақташының лашығын балаға көрсетпекші еді.

Палко өз үйшігін жауып келуге жүгірді. Қайтып оралған ол үлкен бір тілік нан әкелді, оны бәріне бөлді, содан соң олар бәрі бірге Фон Гемерскийдің жайылымындағы тар аңғар арқылы көңілдене жүгірді, сол жақтан Петір мен Ондрейко Палкоға өз лашықтарын көрсетті.

Ағай түскі ас ішуге келген кезде балалар оған өздерінің жаңа танысы туралы қызулана әңгімеледі. Оларды мұқият тыңдаған ағай, егер бейтаныс бала бұларға қонаққа келсе, өте қуанатынын айтты. Келесі жексенбіде — Палконы өздеріне қонаққа келеді, — деп бәрі де үміттенді.

4. МОЙЫНДАУ

«Адам-адамға, тау-тауға қосылады», — деген словактардың мақалы бар. Үш жолдас пен Филина ағай Палкосыз осынша ұзақ өмір сүргенімен, ал қазір, егер ол кейде келмесе, дәл бірдеңе жетпейтін сияқты көрінеді. Бірақ Палконьң жоқтығын, әсіресе Филина ағай бәрінен де көбірек сезінетін. Ол түстен кейінгі сол жексенбіні жиі еске түсіріп, сонда тірі қоршау жылжып ашылып, оның алдынан иығынан плащ асырып тастаған, дөңгелек кепкісін киген және жанында ақ иті бар

бейтаныс бала жиектелген портрет сияқты шыға келетін. Міне, енді оның көз алдына тағы бір көрініс келді: Палко бақташы лашығының алдында отырып, оларға Қасиетті кітаптан оқып отыр екен. Ғибадатханадағы діншілдер арасында жүргенде жасөспірім Иса да осындай болып көрінген шығар. Иә, Палко Құдай Сөзін қалай жақсы түсіндіреді десеңші! Филинаны Құдай Сөзі бұрын ешқашанда да осыншалық билеп, өзіне тартқан емес. Оның Киелі кітабымен әр күндік уағызға арналған кітабы бар болатын; бірақ Палко Лезина келіп, оларға әр күн сайын Киелі кітаптан оқи бастағаннан бері Филинаның көзі ашыла бастады. Ол анық та, айқын түсініп, Құдай Сөзін жете ұғына бастады.

Міне, тағы да жексенбі келді. Филина балаларды шіркеуге жіберген, ал өзі ойға шомып, бақташы үйінің алдында отыр. Бұл жолы балалардан қалып қойған Фидель оның аяғының жанында жатыр. Кенет ит құлағын тікірейтіп, қарғып тұрды да, аласа бұталардың арасына сіңіп кетті. Филина ойға батқан күйінде басын салбыратып отыр, сондықтан біреудің итпен сөйлескенін де естіген жоқ. Ол жанынан үнемі сүйсіне тыңдауға дайын дауысты естігенде ғана ойынан арылды.

— Қайырлы таң, Филина ағай! Сіз неліктен мұңдысыз әрі мүлде жалғыз отырсыз? Басқалары қайда кеткен?

— Қош келіпсің, Палко! — деп қуанышты жауап қайырды ағай балаға өзінің күнге күйген қолын ұсынып жатып.

— Егер сенің келетініңді білген болсам, балаларды шіркеуге жібермеген болар едім.

— Барлық жерде Құдай үйі ғой, — деп момын жауап берді бала.

— Сен кеше өзің айтқан Киелі кітапты ала келдің бе?

— Иә, Әкем бірнеше күнге үйге кетті, үйшікте жалғыз қалмауым үшін маған әзірше сіздерде тұруға рұқ-

сат болса, соны сұрап білуді тапсырды. Сіз мені қабылдайсыз ба?

Баланың аялы көздері ағайға жалынышты түрде қарады.

— Әрине, оның несі бар. Егер сен бізде қалсаң, оған өте қуаныштымыз, — деп мақұлдады оны ағай. — Сенің әкең неліктен үйіне кетті.

— Ол ағаштың бір бөлігін алып кетті, ал қалғандарын Тренчинге дейін өзенмен жеткіземіз. Сонымен, мен сізге Киелі кітапты әкелдім.

— Дін қызметкері Малинаның оқығаны осы ма?

— Иә, ағай, бұл мен үшін аса қымбат. Мұнда латынша және словакша жазылған. Мен мұны оқыған кезде ол кісіні үнемі көз алдымнан көремін. Мен сізге оның, өзіне ақырғы жексенбі болған күніндегі жазғандарын көрсеткім келеді. Сіздің уақытыңыз бар ма?

— Иә, ұлым бүгін жексенбі ғой. Оқы!

— Сіз, әрине, мұны жақсы түсінесіз, өйткені үлкен адамсыз ғой, — деді де, Палко дауыстап, естіртіп оқи бастады:

«Мен көп нәрсені жіберіп алғанмын, менің өткен өмірім жоғалған... — деген баланың дауысы, Қасиетті Жазуды оқып отырғандай қатерлі шықты. — Мен, тіпті бірдеңені жасағым келгеннің өзінде, оны жөндеуге күшім жетпеді, өйткені тым кешіктім. Мәңгі тыныштықта жатқан адамдар, енді сол жерлерінде мені оларға құтқарылу туралы айтпағандығым үшін кінәлайды. Олар ешқашан да қайтып келмейді, сондықтан мен де олардан кешірім сұрай алмаймын. «Сіздер жарылқаушылықпен құтқарылдыңыздар... Бұл Құдай сыйлығы», — деген, о, қандай керемет сөздер. Мен осы қасиетті сыйлыққа ұмтыламын, Құдайым менің, Құтқарушым менің! Мен өзіме тиімді жазаны кешіргеніңді білемін, Сен оны Өз иығыңа алып, көтергенсің! Мен Сенің айқыш ағашта, Сенің мен үшін жарақаттанған

аяқтарыңды құшамын, мен алғыс айтамын, иә, алғыс айтамын, Саған! Бір күні мәңгілікте мен Сенің Қасиетті Есіміңді — Исаны мадақтармын! Мен Оны мәңгілік мадақтаймын!»

— Міне, ағай, дін қызметкері Малинаның қалай сенгенін көріп тұрсыз ғой, — деп сыбырлады Палко.

Филина басын салбыратып, жылап жіберді.

— «Мен, тіпті бірдеңені жасағым келгеннің өзінде, мен ештеңені жөңдей алмаймын, адамдар мәңгілік тыныштықта жатыр, сөйтіп, олар сол жерде де мені айыптайды...,» — деп қайталады Филина ағай көзінен жас ағып. — Менің насырымды жерге бүтетіннің өзі де осы, сондықтан менің бүкіл адал өмірім маған көмектеспейді...

Бала өзінің бұйра басын қолымен таяп, жанашырлықпен былай деп сұрады:

— Ағай сіз өзіңізді не қинайтынын маған айтпайсыз ба? Бұл маған Петір айтқан, сіздің Истваньконы батырғыңыз келгендегі күнәңіз ба? Истванько батып кеткен жоқ қой. Егер менің бірдеңе жанымды ауыртып, қинаса, біреу-міреуге бұл жөнінде мұңымды шақсам, жаным бірден жай тауып қалады. Сондықтан да елші Жақып: «Бір-біріңе іс-әрекеттеріңді мойындап, сауығу үшін бір-біріңе дұға оқыңдар: тақуа жанның күшті дұғасы көп нәрсені істей алады», — деді. Рас, мен тек баламын, бірақ егер жаның ауырса, бұл жөнінде ешкімге айта алмасаң, оның қандай ауыр екенін мен білемін. Иса Тәңірім, мүмкін сізді түсінуге әрі жұбатуға көмектесер.

Ағай, оған қарап, көз жасын сүртті. — Егер маған, өзім ұзақ жылдар бойы ұмтылған нәрсені біреуге айтуға тура келсе, онда бәрінен де, өзіңе шын көңілден айтар едім. Тәңірім саған, маған шалға қарағанда, Ілиядан данарақ болған жас Самуил сияқты, үлкен даналық берген.

Ағай өзінің үйреншікті орнына отырды, ал Палко

болса, әңгіменің басталуын күтіп, оның жанындағы шөпке жайғасты.

— Менің бала кезімде қандай болғанымда Петір саған әңгімелеп бергендіктен, мен оның бәрін тағы да қайталап жатпаймын, — деп бастады ағай өз әңгімесін. — Сонымен, біз Истванько екеуміз бірге өстік, бір-бірімізді шынайы жақсы көргенімізді мен таза ар-ожданыммен айта аламын. Мен ауыр сәтте оны тағдырдың еркіне қалдырған сол бір сұмпайы қылығыма Истваньконьң қыңқ, деп үн шығармағанын әрқашан еске ұстаймын. Ол ата-анамыз сені жақсы көреді, — деп сендіретін. Бәрі жақсы өтіп жатты, сөйтіп шешеміздің апайы өлген соң біздің үйге бөлеміз Ивка келмеген болса, бәрі де үнемі сол қалпында қалған болар еді. Қыз жұп-жүдеу әрі әдемі болатын. Менен ол қорқатын, бірақ Истванькомен қайда болса да, қуана-қуана баратын; бірде мен оны қабаған иттен қорғап қалған соң ол менен жатсынуын қойды. Біз есейіп, ержеткенше, бәрі де осы күйде қала берді. Мүмкін, сен мені қазір онша түсінбессің, ұлым. Истванько екеуміз бозбала болған кезде біз үшін жарық дүниеде Ивкadan сұлу қыз болған жоқ. Маған оның қап-қара көздері жұлдыздан да сұлу құсап, оның шекесінен аңқыған жұпар иіс ешбір раушан гүлінің бұтасынан шықпайтындай көрінетін. Сол кезде бізде Америкаға жаппай қоныс аудару басталды. Мен кейде адамдар тойымсыздық салдарынан осындай қауіп-қатерлі сапарға неліктен шығады екен, — деп жиі-жиі ойланатынмын. Өйткені кедейлігімізге қарамастан, біз жайлы да, жақсы тұрдық. Ал маған келетін болсақ, осы бір таулар мен аңғарлар жұмақ сияқты еді. Бірақ жерде жұмақ жоқ, ал аспан тым биік қой. Бір күні кешке мен жайылымнан келсем, шешем әкеммен екеуі үйдің алдында отырып, өздері әдеттегісіндей, біз жайында әңгіме шертуде екен. Менің оларға кедергі келтіргім келмеді, сондықтан алыстау отырып, олардың әңгі-

месіне құлақ түрдім. «Сен олардың біреуі Америкаға баруға тиісті, — деп санайсың ба?» — деп сұрады анам. «Білесің бе, бәйбіше, онда адамдар бұл жерге қарағанда тез күйленеді. Біз мұнда қанша тырбаңдасақ та, тіршілігімізге әрең жетеді», — деп күрсінді әкем. «Сөйтіп, олардың қайсысы баруға тиісті?» — деп сұрады анам үрейлене. «Біз мұны өздерінің еркіне салайық. Мен былай ойлаймын: мейлі, олардың біреуі үйде қалып, Ивкаға үйленсін, содан соң ол саған көмекші болады. Ал екіншісі бірнеше жылға Америкаға барып келсін. Ол аз-маз ақша жинаған соң, Құдай жолын оңғарса, үйге қайтып келеді де, кейіннен шаруашылықты бірлесіп істейтін болады. Біз өлген соң олардың әр жаққа бытырап кететінін қаламаймын; сондықтан бірлесіп тұрғандары дұрыс...»

— Мен анамның қалай күрсінгенін көріп тұрдым, — деп жалғастырды сөзін ағай. — Менің жүрегіме қанжар сұғылғандай болды. Әрине, анам, мен кетіп, Истванько қалады да, Ивкаға үйленеді, — деп ойлады. Мен сол күні кірпік ілген жоқпын. Бала кезімде өзім бастан өткізген сұмдық ауру мені билеп алды, бірақ бұл одан да күшті сұмдық ауру еді. Мен үйден кетіп қалдым. Үйге қандай күш оралтқанын білмеймін. Қайтып келгенімде маған қарай Ивка жүгірді. Оны көрген кезде, мен өз-өзіме — ол менен басқа ешкімге де тиісті емес, сондықтан мен ешқашанда Америкаға бармаймын, — деп ойладым. Истванькоға ашулануға ешбір желеу болмаса да, мен оған қарай алмадым. Біздің үйдің жанындағы батпақтың арғы жағында шалғын бар еді. Келесі күні мен Ивкаммен бірге сол жерден шөп шабуға тиісті болдым. Мен оны үгіттеп, сонда менімен баруға келісімін алдым. Және менен басқа ешкімге күйеуге шықпаймын, — деп уәдесін бергенше мен қызды үгіттеп, жалынумен болдым. Біз шөп шауып болғанда, Ивканы күтіп тұрып, бұрылғанымда, — шалғынды бойлап, біз-

ден аулақтап бара жатқан Истваньконы көрдім. Ол біздің бүкіл әңгімемізді естіген екен, ал біз оны байқамай қалдық.

Келесі күні біздің біреуіміз қалаға баруға тиісті болдық. Истванько өзінің барғысы келетінін айтты. Денсаулығың жоқ, сондықтан үйде қалғаның дұрыс, — деп үгіттеді оны анам. Истванько шынында да жүдеу, ол енді бір ауыр науқастан тұрғандай жақтары да қабысыңқы еді. Мен барудан бас тарттым, мен үшін басқа жұмыс болғандықтан әкем де мені қолдады. «Мені шығарып сал», — деді Истванько ол ата-анамызбен және Ивкамен қоштасқан соң.

Мен онымен бірге жүріп кеттім. Біз биік тауға, асуға дейін көтерілдік. Сол жерде біз бір-бірімізге қарап тұрдық. «Әкемнің біз тұрғысында қандай жоспары бар екенін анам әңгімелеп берді, — деп бастады ол сөзін. — Біздің біреуіміз Америкаға баруға тиістіміз. — Әрине, сен есепке кірмейсің. Мен сендерді шалғында көрдім. Әкеміз біреуіміздің Ивканы алғанымызды қалайды, ол сенікі. Біздің бала кезіміздің өзінде менің саған бөгет болғаным соншалық, сен мені қара табытқа жатқызығың келді. Екінші рет мен сенің жолыңа бөгет болғым келмейді. Менен ажырасу әрине анашыма өте қиынға соғады. Бұл үшін оған ашуланба, өйткені оның жар дегендегі жалғызымын ғой. Мен онымен қоштасқан жоқпын, сөйтіп, айырылысу күйінішінен осылай құтқарғым келді. Сенің мені бұдан былай күндемеуің үшін саған барлық шындықты айтқым келді. Байқа, мен саған бәрін: ата-анамызды да, отанымызды да, Ивканы да қалдырып бара жатырмын. Ол біздің екеуімізге бірдей тиісті емес. Маған шалғында соншалық ауыр соқты... Егер мен сол сәтте бастан кешіргенімді, саған да бастан кешіруіңе тура келгенде, оған төзе алмас едің. Мен екінші рет батып бара жатқан сияқты көріндім, бірақ бұл жолы сен итерген батпақ бұрынғыдан да

тереңірек болды. Сен аурусың әрі түрің де жүдеу, — дейді маған анашым, бірақ мен бұл жерде оңалмаймын. Жат жерде, мүмкін, одан да тезірек... Мен саған өз қолымды қоштасуға ұсынамын, сен де өз қолыңды бер, бірақ өкінішсіз болсын, бауырларға ұқсап ажырасайық».

Мен оған үн-түнсіз қолымды ұсындым, — деп жалғастырды сөзін ағай. — Ол өз заттарын алды да, соқпақпен төмен қарай асығып түсе бастады. Оны тағы да бір рет көру үшін асудан көз тастадым. Ол өзінің терең қайғыға батқан әсем жүзін көтеріп, сол жерден өзіміздің лашыққа ақырғы рет көз тастады. Оның көздері жасқа толды. Мен жүгіріп барып, оны қайтарып, — саған бәрін қалдырып, сенің орныңа жат жерге өзім аттанамын, — деп айтқым келді, бірақ бұған менің күш-жігерім жетпеді. Сөйтіп, оған мен біржолата кетуге мүмкіндік бердім. Содан қайтып, біз оны ешқашан көрген жоқпыз.

Ағай тағы да көзіне жас алды, онымен бірге Палко да жылады.

— Ағай, маған бәрін аяғына дейін айтып беріңіз, — деп сұрады сәл үнсіздіктен кейін бала. — Бейшара шешей, не деді? Сіз осының бәрін оған қалай жеткіздіңіз?

— Иә, мен оған ештеңе де айтқан жоқпын, — деді Филина.

— Бауырымның өзі осының бәрінің қамын жеді. Анамыздың қалада немере бауыры бар еді. Ол үшінші күні біздерге келді де Истванько қаладан сатып алуға тиісті заттарды, сондай-ақ ол жазған хатты әкелді; сол хатта ол Америкаға аттанғаны үшін өзіне ата-анамыздың ашуланбауын шын жүрегімен өтінді. Ол менің оны қайғы «батпағына» итергенім жөнінде бір де сөз жазбады. Бұл бір тамаша хат еді. Біз оны жадымызда сақтадық, ал байғұс анам өлім халінде жатқанда, сол хатты өзіммен бірге табытқа сал, — деп тілек білдірді. Мен оның ұлының орнын басуға бар күш-жігерімді

жұмсадым. Менің әкем тірілер санатынан кеткен кезде анам маған жиі, өте жиі батасын беретін. Бірақ мұның өзі менің жүрегіме тыным берген жоқ. Истванькодан хат әкелген кемпірдің немере інісі өзі де Америкаға кеткісі келетін. Ол параходқа билет сатып алып қойған еді, бірақ оның сапарына әдене кедергі болды. Ағай Истванькоға өзінің бара алмайтындығын айтқанда, ол одан билетін өзіне сатуды сұрады. Ол ақшаны оған мұраға тиісті қаржының есебінен жиенінен қарызға алды. Мұны біз оған кейіннен қайтарып төледік, өйткені пароход көздеген жеріне бармай, су түбіне батып кеткен еді... Көрдің бе, Палко, мен бәрібір өз бауырымды батырып жібердім. Менен соншалық қашпаса, ол басқа пыроходқа отырып, әлі күнге дейін тірі де қалар еді... Ол өліп кетті, сөйтіп, оның қаны Құдай жүзінің алдында менің мойынымда. Құдай да мені жеткілікті жазалады. Мен өз бақытыма ұзақ рахаттана алмадым. Пароходтың апатқа ұшырағаны жайлы хабар келген сәттен бастап, Ивка жүдей берді. Ал біздің ұлымыз туған кезде ол өліп қалды. Ол есінен танып жатқанда Истваньконы қаншалық қызулықпен сүйетінін айтты, сөйтіп, мен оның Истваньконы ойлаған уайымынан өлгенін түсіндім. Енді олардың екеуі де о дүниеде, ал мен болсам, мүлде жалғыз қалдым.

— Ал сіздің ұлыңыз қайда?

— Оны да Тәңірім қалап, тартып алды. Ивка өлген соң оған салқын тиді, сөйтіп, үш күннен соң өлді. Құдай оны Өзіне алды. Енді мен саған бәрін айтып бердім, ұлым, бірақ сен менен бірдеңе ұқтың ба?

— Мен сізді түсіндім ағай, олай ойламаңыз! Сіз, Истваньконың апатқа ұшырауына себепші болдым, — деп күйзелесіз. Мұның ауыр күнә екенін білемін. Бірақ сіз дін қызметкері Малина құсап, айқыш ағаштың етегіне құлап, Исаның аяғын құшпайсыз ба? Құдай кешірімін сеніммен қабылдауды білесіз бе? Киелі кітап-

та мынандай аят бар: «Иса Мәсіх дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келген, олардың алғашқысы менмін...», одан әрі былай қосуға болады: «сөйтіп, мен де үлкен күнәкармын, бірақ Құдайдың Құрбандығы, Сенің мен үшін өлгеніңе сенемін, сөйтіп, Сенің Қасиетті қаның оны жуып кетуі үшін өз жүрегімді айқыш ағаштың етегіне қоямын».

— Тыныштықта одан көбірек оқи алатындай болуы үшін бүкіл Кітапты маған біраз уақытқа тастап кет, — деп сұрады Филина ағай. — Мүмкін, Тәңірім маған рақым етіп, менің үлкен күнәма кешірім берер. Енді өзіміз тоқтаған жерден бастап, әрі қарай оқы. Мен ән жинағын алып келейін, содан соң бір әнді шырқап айтайық.

5. ЖАҚСЫ ПІКІР

«Сүйіспеншілікті ұмытпаңыздар; өйткені кейбіреулер білмегендіктен, сол арқылы періштелерге қонақ жайлық көрсетті» (Евр. 13:2). Бұл қонақ жайлықтың нәтижесін Филина ағай мен оның лашығын мекендеушілер де іс жүзінде бастан кешірді. Палко Лезинаның келуімен бірге Құдай шапағаты олардың лашығында салтанат құрғандай еді. Палко оларға үнемі көмектесіп, осы арқылы лашықты тәртіпке келтіргізді.

— Білесіздер ме, — деді ол, — Тәңіріміз әрқашан да бізбен бірге. Бізге Оның қашан келетінін және қайда жайғасқысы келетінін білмейміз, сондықтан бізде әрқашан да тәртіп болуы керек.

Палко Стеводан сыбызғыда ойнауды үйренді, енді ол өзінің тренчиндік әндерін жиі ойнайтын. Палко басқа балалармен айгөлек немесе жасырымбақ ойнаған кезде, ол басқалардан ширақ қатысатын. Бірақ одан

өзінің сүйікті Кітабынан оқуды өтінген кезде ол дереу байсалды бола қалып, олардың арасында ғибадатханадағы он екі жасар Иса секілді отыратын. Палконың келуі Петірге де қолайлы әсер етті. Петір кейде қыңырлық көрсетіп, сөзге құлақ аспайтын, сондықтан ағайдың оны жазалауына тура келді.

— Сен Филина ағайды ашулануға неге жиі мәжбүр етесің? — деп ескертетін оны Палко. — Осының бәрін Иса Тәңірге айтып, Оған мәлім ет, өйткені сені әзәзіл азғырып жүр, сонда барып, сені Иса бұл кемшіліктен босатады.

Ондрейко сыпайы әрі есті болатын, барлық жағынан Палкоға сенім көрсететін. Ол Иса Тәңірдің осы жерде болатындығына сенетін, сондықтан әрқашан ұқыпты, таза жүрді. Бірақ ең бастысы — Құтқарушыға өз жүрегін сыйлау керек еді. Сөйтіп, Иса Мәсіхтің тағы бір кішкентай шәкірті пайда болды. Исаның бір кезде: «О, әкем, аспан мен жердің Иесі! Сен бұл істерді даналардан және ақылдылардан жасырып, нәрестелерге ашып білдіргенің үшін Сені мадақтаймын! Иә Әкем! Сенің ізгі еркің солай болған ғой» (Матай 11:26-26), — деп сиынғаны тағы да орындалды. Киелі кітаптан Иса Тәңірдің көп азап шегіп, ақыр аяғында өлуге келетін жерін оқығанда Ондрейконың жүрегі қысылып кететін де, ол Исаға мұның күнәсі үшін өлуге тура келгенін сезінетін.

Иса Тәңір оның күнәсін кешіру үшін олар Палкомен бірге сиынатын. Ондрейко Исаны өз жүрегінде осылай қабылдады. Ол өз өмірінде көп қайғыны бастан кешірді: әкесі де, шешесі де өзінің қамын ойламайтындығы себепті, оның кішкентай жүрегі өте шерлі болатын. Ол өзін ешкім көрмейтін кезде жиі жылап алатын. Бала өз тағдырының бұдан әрі не болатындығы турасында жиі толғанатын. Шынымен-ақ, оған үнемі жат адамдарда жүруге тура келер ме екен? Сөйтіп жүргенде, Палко Лезина пайда болып, ол қайырымды да, тамаша Иса

жайында әңгімелеп берді; Иса мұны, тастанды Ондрей-коны сүйеді және Өзі онымен үнемі бірге болып, ешқашанда тастап кеткісі келмейді екен. Осылайша кішкентай Ондрейко ғажайып Дос — Иса Мәсіхті тапты, әрі Оны барлық жағынан тыңдауға тырысты.

— Егер Палко кетіп қалса, не істейміз? — деп жиі сұрайтын Филина ағайдың бақташылары. — Ол бізге қоныстанған кезден бастап, күн-нұрын айқын шашқан сияқты.

— Иә, ол таупықты бала, — деп қостап қойды Филина күрсініп.

Иә, оның өзі балаға көбірек ділгер еді. Сондықтан Палконың әкесінен хат келгенде қандай жеңілдене күрсінді дейсің. Бұл хатында Лессинг алты аптадан кейін ғана келе алатынын жазып, Филина ағайдан ұлын осы уақытқа өзіне қалдыруын өтінді. Хатты оқып, бәрі де қуанғандарынан секірді, бірақ Филина ағай бәрінен көп қуанды.

Кешкілікте, бәрі лашық алдында отырып, Палко сыбызғыда ойнаған кезде кенет кәрі дәрігер келе қалды. Фидель құйрығын бұлғаңдатып, дәрігерді қуана қарсы алды. Өзінің кішкентай қожасының аяғы жанында бүкіл денесімен созылып жатқан Дунай да басын көтерді. Балалар да, Филина да дәрігердің келгенін байқамай қалды. Палко өз Кітабынан Исаны әлі де білмейтін бір бай мырза — Мытарь, салықшылардың бастығы жайында дауыстап оқып жатқан болатын. Палко: «Иерихонға кірген Иса қаланың ішімен өтіп бара жатты. Сол жерде Зақай атты бір кісі бар еді, ол өзі салықшылардың бастығы және бай адам болатын. Ол Исаның қандай екенін көргісі-ақ келіп еді, бірақ қаумалаған халық көрсетпеді, себебі ол аласа бойлы кісі болатын. Сосын ол оны көру үшін, алға жүгіріп барып, Иса өтетін жолдың шетіндегі бір тұт ағашының басына шығып алды. Иса сол жерге келгенде, ағашта отырған оны көрді де:

— Зақай, тез төмен түс! Бүгін Мен сенің үйіңде болуым керек, — деді. Ол тез төмен түсіп, Исаны қуана қарсы алды.

Мұны көріп тұрған көпшіліктің бәрі жақтырмай:

— Ол күнәкар адамның үйіне қонаққа барды, — деп күңкілдесе бастады. Ал Зақай орнынан тұрып, Исаға:

— Мырза, мен мал-мүлкімнің жартысын кәріп-қасерлерге беремін; егер біреуді алдап, ақысын жеген болсам, оны төрт есе артығымен қайтарып беремін, — деді. Сонда Иса:

— Осы үйге бүгін Құдайдың рақымы түсті! Себебі бұл кісі (күнәкар болса да,) Ыбраайым — атаның ұрпағынан ғой. Өйткені Адам Ұлы адасқандарды іздеп құтқаруға келді» (Лұқа 19:1-10) — деп оқыды.

Филина ағай, — деп оған сөз тастады Палко оқуын үзіп. — Адам Ұлы жаза тартып, өлгендерді құтқару үшін келді. Зақайдың істегенін істеңіз! Иса Тәңір де сізге: «... қазір сенің үйіңе құтқарылу келді», — дейді. Бұл сіздің жүрегіңізге, сондай-ақ бақташы лашығын мекендеушілердің бәріне де қатысты. Зақай Исаны қуанышпен қабылдаған ғой, Иса Тәңір оған барлық күнәсін кешірген сол бір ұлы қуанышты елестетіп көріңізші!

Дәрігер бейтаныс балаға, сол сияқты бірде-бір сөз айтпай лашығына кіріп кеткен ағайға таңқалып қарады. Осы кезде Петір қонақты байқап қалып, Ондрейко екеуі оған қарай жүгірді. Олар оны Палкомен таныстырды, Палко дәрігерге бірден ұнап қалды. Дәрігер оларға өзінің келу себебін айтты: ол маңайдан тыныштықты, таза ауа мен күнді қажет ететін, өзі емдейтін бір әйелге жақын маңайдан бірнеше аптаға үй қарап жүр екен.

— Тыңдашы, Палко, — деді Петір жолдасына, — сіздің үйі қазір бос тұр ғой. Сенің әкең тек алты аптадан соң ғана келеді, ал сен болсаң, қазір бізде тұрасың. Сенің үйің бике үшін қолайлы және жақсы.

— Сен қалай ойлайсың Палко, — деп сұрады дәрі-

гер, — егер ол бізге ұнайтын болса, сенің әкең бізге үйшікті беруге келісе қояр ма екен?

— Қалайша ол келіспейді? — Баланың көзі жайнап кетті. Иса Тәңірім «... науқас болғанымда Мені күттіңдер» (Матай 25:36), — деп айтқан жоқ па еді. Егер үйшік ұнаса, мен сізге кілтті берейін. Мейлі, ауру бике келе берсін.

Үйшікті көруге күн кешкіріп қалған еді, сондықтан олар келесі күні баруға келісті. Кешкісін дәрігер Филина ағаймен бірдеңе жайында ұзақ кеңесті.

Үйқы алдында Филина әдетте әр кеш сайын істейтініндей, балалардың халдерін білмекші болды. Ондрейконың ойға батқанына тұнжырап, оған ұзақ уақыт бойы қарап қалды. Себебі не? Бала қазір жақсарып, едәуір күнге күйіпті. Оны нығайтуға денсаулыққа шипалы, таудың таза ауасы мен қарапайым тамақтың ықпал еткені байқалып тұр. Сонымен бірге, оның кішкене жүрегіне Иса Тәңір енгізген ішкі бақыт та көрінді. Осыған қарамастан баланың Филина тарапынан аяныш туғызуы неліктен?

Түнде жаңбыр жауды, ал ертеңгісін бүкіл шөптер мен ағаш жапырақтары тамшыларға молығып, олар күн сәулесімен шағылыса маржан тәрізді салбырап қалды. Табиғаттағының бәрі Жаратушыны дәріштеуде! Әрбір әнші құс, әрбір қоңыз бен ызылдаған масаға дейін ортақ әнге қосылған. Тау айбынды мезбақ құсап, бусанып жатыр. Осы бір кішкене қауымның жолбасшысы болған Палко ән шырқап жібергенде ешкім де таң қалған жоқ. Оның пікірін білгісі келгендей Петір дәрігер мырзаға сұраулы жүзбен көз тастады. Ондрейко әнді өзінің күмістей сыңғырлаған таза дауысымен іліп алды да, ән бүкіл орманды керней түсті.

*Қуаныш, қуаныш таптық бір,
Үнемі қуанып жүреміз!*

Құдайым берген шаттық нұр,
Ешқашан да, бір сөнбес.

Құдайдың Өзі бізді жетелер,
Жебейді алыс жолдарда,
Қайғы-қасіретке жеткізбей,
Сыйынғанымызды қолдар да!

Жүрекке жап-жарық түсірді із,
Жүреміз Мәсіхтің жолымен.
Тек Одан айрылмау үшін біз,
Азапта біргеміз Онымен.

Өмір мен қуаныш сыйлайды,
Жүрекке күн боп нұр төгеді!
Күнәкар пендені қимайды,
Бойымызға Ол ізгілік егеді.

Дәрігерге бұл ән бала кезден таныс болатын, сондықтан ол балалардың дауысына үн қосып, әнді қуана қайталады.

— Қараңыздар, маңайымыз қандай құлпырып кеткен! — деп шаттанды Палко. — Шықтың әрбір тамшысында кемпірқосақтың бір бөлшегі нұр шашады. Бұл — Исаның киім-кешегінің жиегі. Осы бір ақырын соққан желден де біз Оның тынысын сезінеміз. Ол өте жақын! Ол бізбен бірге! Біз Оны көре алмаймыз, өйткені Оның даңқын алып жүре алмаған болар едік. Мұса қандай қайраткер еді! Тіпті ол да Тәңірдің даңқын алып жүре алмады. Біз осынау жер бетінде өз өмірімізбен Оның даңқын дәріштеп әрі ұлғайтуға тиістіміз! Біз дәл бүгін Иса Тәңірге лайықтыны істейміз, — деп ойлаймын. Оның ауру балаларының біреуіне арнап, біз баспана іздейміз. Кім біледі, Тәңірдің рақымы мен даңқы осыдан көрінер!

Дәрігер ақкөңілдене күліп, Палкоға қарады.

— Сен, алайда, данасың! Ал мынау сенің үйшігің шығар?

— Иә, иә! — деп қуана мақұлдады балалар, ал Дунай болса, есікке барып қалды. — Егер үй сізге ұнаса, онда біз отын, су мен гүл әкеліп қояйық. Үйдің іші таза жинастырылған.

— Тыңдашы, Палко, сенің үйің емделушіге өте ыңғайлы екен, — деп қостап қойды дәрігер үйдің іші-сыртын қарап шығып. — Мен аздаған мебель алдыртармын, ал еденге ауру әйелге салқын тимеуі үшін кілем төсейміз. Сенің кереуетің мен столды біз ас үйге шығарамыз, бұл оған отырғыш болады. Терезе, рас шағын, бірақ олар үшеу ғой! Оның үстіне күн сәулесі де бөлмеге жеткілікті дәрежеде түсіп тұр. Ал маңайдың бәрі қандай әсем! Қандай сүйсінерлік аңғар, ал артта — жасыл кілем мен биік таулар! Құдық та бар; тек отырғыштар жоғы өкінішті!

— Ал біз ағайдан оның Стевоны жіберуін өтінейік, ол жақсы отырғыш істеп береді, — деп ұсыныс жасады Ондрейко. — Мен оның орнына мал баға аламын.

Дәрігер баланың алтын түстес шаштарынан сипап қойды.

— Мұның сенің қолыңнан қаншалықты жақсы келетінін мен шын көңілден көрер едім.

— Ал ол табынды бағуға тиісті емес, — деді Палко. — Бұл іспен Белко мен Царай жақсы айналысады, олар өте ақылды иттер ғой.

— Жарайды, әлі де не жасауға болатынын қарап көрерміз, бірақ отырғыштың қажет екені сөзсіз. Ал енді менің су ішкім келді.

Палко әдемі оюмен өрнектелген ыдыс және нақ сондай құмыра әкелді. Су ішіп алған олар бұлақтың жанында отырып, тамаша табиғат көрінісін қызықтады. Дәрігер ірімшік пен нан қойды. Филина ағай ештеңені де ұмытпапты, Дунай мен Фидель де өз үлесіне ие болды. Бәрі де тамаққа тәбетпен кірісті, сөйтіп, қарапайым тағам өте дәмді болып шықты.

Дәрігер өзінің кенелген серіктерінің осы бір қарапайым тағамды екі ұртына қандай тәбетпен тығып жатқанын көріп тұрды.

— Палко, — деп үн қатты дәрігер балаға, — сендер лашыққа отын әкелеміз — деп едіңдер ғой. Мұның керегі жоқ. Мен бір арба отын әкеліп, оларды майдалап жарып қояды тапсырармын. Бірақ егер сендер гүл әкеліп қойғыларың келсе, бұл сендер істеген өте ізгілік іс болар еді. Тағы айтарым мынау: менің емделушім әр күні қатық ішуі керек. Ол әлі әлсіз, сондықтан сендер оған әр күні таңертең сүт әкеліп тұрсаңдар. Ол оңалған кезде сендерден сүтті өзі-ақ келіп алып тұратын болады. Сонымен, келістік пе? Бикенің тезірек сауығуы үшін сендердің маған көмектескендерің осы болар.

Бәрі де дәрігерге қуана-қуана көмектесуге дайын болды.

— Мен сендерге қазір ол әйел туралы айтайын. Ол ұзақ жылдар бойы түнде үнемі жиі-жиі ұйықтаған жоқ, ал күндіз аз ұйықтады; сонымен, оған көптеген сағаттар бойы ұйқы жетіспеді. Ол бастан өткен-кеткенді шын ынтасымен жөндегісі келді, бірақ олай ете алмады. Бұл бақытсыз әйел көптеген азапты басынан кешті. Егер оны көңілдендіруге маған көмектессеңдер жақсы болады, ол сонда тез сауығып кетеді.

— Ал ол бике словакша сөйлеуді біле ме? — деп сұрады Палко байсалды түрде.

— Сен ақылды баласың! Бұл жөнінде мен мүлде ойламаппын. Бірақ тоқташы, бірде апельсинді сатып алып жатқан кезде мен оның чех тілінде сөйлегенін естіп едім. Сендер бір-бірлеріңді түсінесіңдер, — деп ойлаймын. Сонымен, қалай маған көмектесесіңдер ме?

— Шын көңілден, бар ынтамызбен! — деп сендірді балалар бір ауыздан. — Егер тек ағай рұқсат берсе.

Балалар үйге өте көңілді күйде оралды. Дәрігер олармен жартастың жанында қоштасып, ағайға ұсақ

әріппен жазылған қағаз жыртындысын берді. Мұны оқыған Филина ризалық белгісі ретінде басын изеді. Ол отырғыш жасауға Стевоны жіберді де, балаларға ауру бикеге күн сайын қатық пен гүл апарып тұруларын өтінді.

6. КӨҢІЛДІ КӨМЕКШІЛЕР

Тағы да жексенбі күні еді. Бақташы лашығының тұрғындарынан ешкім де шіркеуге барған жоқ. Ертеңгісін олардың бәрі бірлесіп, Құдай Сөзінің тарауларын оқып, гимнді шырқады және сиынды, содан соң әрқайсысы өз істерімен кетті. Филина қорғанның басқарушысына шақыру алды. Балалар Палконың үйшігіне барғысы келіп еді, бірақ онда кіру үшін кілт жоқ болды, кілт дәрігерде еді. Дегенмен, олар отын келді ме, жоқ па? — соны білгісі келді. Лашыққа жақындағандағы олардың таңқалуын ешкім де сипаттай алмас еді, олар үйдің терезелерінің ашылғанын көрді, ал ас үйдің терезесінің үстінде үлкен ақ мысық отыр екен.

Оның терісі барқыт түстес, жұмсақ, дөңгелек көздері үлкен, ал мойнында алтын жалатқан қоңыраушығы салбыраған әдемі лентасы бар. Мысықты көрген балалар өздерімен иттің келмегеніне қуанып қалды. Фидель өз қожасымен бір жерде, ал Дунай орманда шапқылап жүрді.

— Иә, бұл жерге біреу қоныстанған ба? — деп таңқалды Ондрейко.

— Түсінікті ғой, мысық жалғыз отырмас еді, — деп мақұлдады Палко.

Олар үйді ақырын айналып шықты. Аулаға ұсақтап жарылған отын жинастырылып қойылды. Ақылдасқан олар гүл алып келуді ұйғарды, бұл кезде, мүмкін, бі-

реу-міреу тұрып қалар. Сөйтіп, бір сағат өткен соң олардың әрқайсысы үлкен гүл шоғы мен жас бұтақтарды әкелді, бұларды Палко шебер іріктеп алып, тәртіпке салды, осы кезде балалар үй есігінің ашық екенін және мұржадан түтін будақтап жатқанын көрді.

Осы сәтте үй босағасына қара көйлегі мен ақ шепшігі бар егде әйел шықты. Оның қайырымды жүзінен шаруа қамы байқалды, ал оның көзқарасы: «Мен неден бастауым керек? Маған не істеу керек? — деп айтып тұрғандай.

— Бәлкім, оған бірдеңе керек шығар, — деді Палко.

Балалар лашыққа жақындап, әйелмен амандасты. Әйел бұлардың сәлеміне чех тілінде жауап қайтарды. Оның қайырымды жүзі алаулап, балалар мен олардың гүл шоқтарына таңқала қарады.

— Сіз, шамасы, осында тұруға тиісті ауру бикенің күтушісі болуыңыз керек? — деп бастады Палко әңгімесін. — Біз гүл әкелеміз, — деп дәрігерге уәде берген едік. Міне, гүлді де әкелдік. Сәл солып қалыпты, бірақ суға салса, қайтадан жаңа қалпына келеді.

— Алғыс айтамын, сіздерге! Бұл менің бикемді қатты қуантады, — деді әйел балалардан гүлдерді алып және оларды суға салып жатып.

— Сіз мұнда жуырда келдіңіз, сондықтан, бәлкім, бұл жердің жағдайымен әлі де таныс емес шығарсыз. Сіздерге тауда табылмайтын бір нәрсе қажет болып қалуы ықтимал, — деп қамқорлықпен қосып қойды Палко. — Сіз тек бізге айтыңыз, шын көңілден көмектесеміз.

— Егер сіздер маған көмектессеңіздер, балалар, мен өте алғыс білдіремін. Біз өзімізбен бірге бәрін әкелдік, тек бізде тұз бен май жоқ екен, біздің азық-түлік салған қабымыз салақтығымыздан вагонда қалды. Біз мұнда бүгін ертеңгісін келуге тиісті едік, бірақ кеше кешке келдік. Сондықтан да дәрігер мырза бізді қарсы ала алмады, ал мен үйді әлі қарап үлгермедім.

— О, тұз бен майды сізге қазір тауып береміз! Біз тұратын бақташы лашығы бұл жерге жақын маңайда, — деп жауап берді Петір. — Сол сияқты қатық та қазір дайын болуы керек. Кеттік, Ондрейко!

— Бақташы лашығынан ба?... Сүт пен нан ба?... — деп таң қалды әйел.

— Бұл бізден, — деп түсіндірді Ондрейко. — Бірақ дер кезінде бәрін алуымыз үшін біздің жүруіміз керек.

— Ал мен әзірге осында қала тұрайын, — деді Палко. — Бұл үйшік менің әкемдікі, сондықтан сіздерге қалай жақсы жайғасуға болатынын көрсетуге болады.

— Иә, мінекей, қалай! Бұл сіздің үйіңіз бе еді? Онда шынында да сен біздің бүкіл заттарымызды қайда орналастыруға болатынына маған кеңес бере аласың. Бірақ сенің атың кім?

— Палко Лезина, екінші баланың аты — Петір Филина, ал үшінші баланың аты — Ондрейко Гемерский.

— Үшінші баланың аты қалай дедің? — деп қайтадан сұрады таңқалған әйел.

— Гемерский. Осы жердегі тау баурайындағы үш жайылым — оның әкесінің меншігінде. Оның сәл сауығуы үшін дәрігер мырзаның Ондрейконы Филина ағайға орналастыруы да осы себептен. Ол өте әлсіз болатын, бірақ ол Филина ағайда болғаннан бері дені сау әрі мығым бола бастады. Ал сіздің бикеңіз қалай тұрып жатыр? Ол түнде ұйықтай алды ма?

— О, менің бикем бе? Егер ол білген болса... — деп күрсінді әйел. — Түнде ұйықтады ма, жоқ па білмеймін, оның есесіне, ол көптен ұйықтамағандықтан қазір қатты ұйықтап жатыр. Жарайды, жүрейік, Палко, біз үйге ақырын кірейік.

Ас үй мен қонақ бөлменің арасында әлі шөп үюлі тұрғаны жақсы болды, сондықтан ішінде не болып жатқаны да онша естілмейтін. Палко арқылы жас әйел жақсы көмекші тапты. Қазір жәрмеңкеге ұқсап тұрған ас

Үйден олар сандықтарды, чемодандарды, көрпе мен киім-кешектерді шығарып, барлығын шағын, таза бөлмеге орналастырды, ал әйел болса, бұл бөлменің бар екендігін тіпті білмеген еді. Кейбір заттарды олар Лезина соққан сөрелерге жайғастырды, басқаларын қабырғаға іліп қойды. Ыдыс-аяғы мен ас үйлік бұйымдарды бар сандықты апай осы жерде ашты. Кейбір заттарды Палко шағын шкафтың ішіне салды, енді біреулерін ошақтың үстіне іліп қойды. Содан соң бала сыпырғышты алып, ас үйді сыпырды, өйткені заттар мен түйіншектер арқылы көп шаң мен қоқыс пайда болды. Содан соң ол столға дастархан жайып, бұлақ суын жүгіріп барып әкелді де, столға гүл салынған құмыраларды қойды.

Бәрі дайын болған кезде тез жүрістен терлеген әрі шаршаған баланың жолдастары келді. Ондрейко дөп-дөңгелек, сыртынан сабан өрілген, аузы тар құмыра мен қақпағы бар сүт сауыт әкелді, ал Петірдің иығында ауыр түйіншек салбырады.

Әйел қонақ үйден келген кезде ол өз көзіне өзі сенбей қалды: столда бір бөлек қара нан жатыр, тұзы бар жаңа сауыт тұр, тостақтардың бірінде ірімшік, енді біреуіне сап-сары жаңа май салынған. Оның қатарына сүт қойылған. Пеш ішінде отын көңілді шыртылдап, ұшқын атып жатыр. Балалар терезенің алдындағы отырғышта отыр, ал Палко олардың алдында түрегеліп тұр.

— Қалай балалар, сендер келіп үлгергенсіңдер ме? — таңқала үн қатты әйел. — Сонымен, сендер әкелмеген ештеңе қалмапты ғой?!

— Тек сізге қажеттісі ғана, — деп жауап берді Петір. Мына ыдысқа қатық, ал мына құмырада жаңа сауылған сүт бар. Қатық бикеге ұнамауы мүмкін, сонда сіз оған кофе қайнатып бере аласыз, — деп ойлады Ондрейко. Сондықтан ол май мен ірімшік те ала шығып еді, бәрі кейіннен бұған тиісті болатындықтан оның бұған құқысы бар ғой.

Петір Ондрейконы едәуір мақтан тұтып қалып еді. Балалар әйелдің көзіндегі жасты көріп, таңқалды. Әйел өзінің кішкентай көмекшілерін сүйіп алды да, көз жасын сұртті.

— Сен дұрыс айтасың, Ондрейко, мен қазір кофе қайнатайын, содан соң сендер бәрің менімен таңертеңгі ас ішесіңдер. Ал осы кезде менің бибімнің де оянып қалуы мүмкін.

Кофе қайнатылып жатқанда балалар әйелдің атының Моравец екенін білді, бірақ олар оны «апай» деп те атай алар еді. Әйел өзінің Эрцгебиргтегі дәл осындай үйшікте туғанын әңгімелеп берді. Кейінірек оның ата-анасы Америкаға қоныс аударып, әйел сол жақта күйеге шығады; бірақ ол өз күйеуі мен қызынан айрылған соң, міне, енді он жыл бойы өзінің туған қызындай күтім жасап, бибісіне қызмет етіп келеді.

Балалар қарап та үлгермеді, олардың әрқайсысының алдында жұпар исі аңқыған кофе құйылған ыдыс пен самсаның үлкен бір бөлігі тұрды. Жоғалып қалған, дұрысын айтқанда, ұмытылып қалған азық-түлігі бар қапшық та әйтеуір табылды. Егер олар осындай тәтті самсаның дәмін тата алмаса, аянышты ақ болар еді!

Олардың ертеңгі асты ішіп болуы мұң екен, қонақ үйден қоңыраудың сыңғыры естілді. Апай, жас қызға ұқсап, шақыруға жүгіре жөнелді.

— Біздің жүруіміз керек, — деді Петір.

Ондрейко, ол не айтар екен, — деп Палкоға қарады. Ал бұл кезде Палкоға бибінің мысығын өзіне арбап шақырып алудың сәті түскен еді. Мысық оның жанында тиын құсап отыр, алдыңғы аяқтарымен оның қолынан кофеге батырылған самсаның қалдығын алуда.

— Біз жуылмаған ыдысты тастап кете алмаймыз. Апайға көмектесу керек, оның ешкімі жоқ қой, — деді де, Палко табақпен су әкелуге жүгіріп кетті.

Петір бұл кезде отын әкелуге шықты. Ондрейко ас

үйде мысықпен ойнап отырды, осы кезде қонақ үйдің есігі ашылып, әуеліде ол апайдың, содан соң басқа бір дауысты естіді... Ондрейконың жүрегі дүрсілдеп соғып кетті. Оған бұл дауыс қайдағы бір құпия елді еске түсіргендей, талып жеткендей болды... Оның не айтып жатқанын бұл түсінген жоқ. Баланың қолынан атып шыққан мысық есік жаққа секіріп кетті. Есік сәл ашық екен, аяғын салып, мысық есікті ашты да, қонақ үйге кіріп жоқ болды. Бірақ Ондрейконың ойға шомғаны соншалық, мұның бірін де байқаған жоқ. Тек балалардың оралуы ғана мұның ойын серпілтті. Палко ыдысты жуды, Петір сұртуге көмектесті, сөйтіп, бәрін ретке келтірісімен, олар жасырынып есіктен шығып кетті.

7. БІРІН-БІРІ ТАНЫДЫ

Жеті күн өтті... Қандай қысқа және сонымен бірге уақыттың қандай ұзақ бөлігі десеңші! Осы бір күндерде не бастан өтпейді дерсің! Кейде осының бәрі шынымен бастан өткені ме? — деп ойлайсың.

Ондрейко Гемерский де орманды жалғыз аралап, өз ойына берілген еді: соңғы күндері мұның басынан өткен оқиғалар шындық па немесе тек қана қиял ма? Жоқ, бұл шындық еді! Ауру бике келіп, Палконың лашығында тұрып жатты. Бірақ бикеге үш рет қатық әкеліп берсе де, Ондрейкоға оны бір рет те көрудің сәті түскен жоқ. Апай үнемі, — бике ұйықтап жатыр, оған көп ұйықтау керек, — дейтін. Иә, ол неліктен тек бұл келгенде ұйықтап жатады? Петірмен бике сөйлесті, тіпті, оған ішінде тәттісі бар қорапша да сыйлады. Палко болса, оған өз кітапшасынан оқып берді. Палко оны, — өз анасы сияқты соншалық әдемі екен, — деді. Тек Ондрейко ғана оны көрген жоқ. Ол осыны тілеп, қаншама рет сиынды де-

сеңші! Бүгін ол бикені көріп, ең болмаса сәлемдесіп қалу үшін оның өзі келген сәтте ұйықтап қалмауын тілеп, айрықша сиынған еді. Соңғы кездері жас бақташылар, әсіресе Стево бұл жайылым мұның әкесіне, демек, Ондрейкоға да тиісті екендігін ұғындырған еді. Сөйтіп, олар бұған бикеге арнап, ірімшік пен май бергенде жомарттықпен сыйлап: «Ала бер, өйткені бұл сенікі ғой!» — дейтін. Бұл ой оған өте ұнап қалған еді. «Осының бәрі біздікі! Егер Палконың: біздің лашығымыз, — деп айтуға құқы болса, — онда Ондрейкоға да: біздің жайылымымыз, біздің жеріміз, біздің орманымыз, — деп неге айтпасқа! Демек, ол бике Палконың үйінде тұрғанымен, бізге келген, — деп ойлады бала. — Бике сәл сауыққаннан кейін, қатық алып тұруға өзі келеді ғой».

Осындай ойға берілген Ондрейко асуға келіп қалғанын да байқамай қалды, осы жерден бір соқпақ жартасқа, екінші соқпақ аңғардағы кішкентай үйшікке баратын. Ауа тап-таза әрі жаңғырған, жайылым жақтан қоңыраулардың сыңғыры естіледі. «Бұл — секектеп жүрген қошақандар ғой, олардың қоңырауларының сыңғыры басқа малдардан айрықша естіледі», — күлімсірей ойлады Ондрейко, содан соң сол жерде демалу үшін отырғыш тұрған жаққа қарай жүгірді. Бірақ ол таңқалып қалды, отырғыш бос емес екен. Оның қазір көрген жанның сұлулығы, Стево әңгімелейтін орман періштелердің сұлулығымен салыстыруға болмады. О, қандай сұлу әйел! Ол отырған отырғышқа кілем жабылған, бүйірінде де сондай жастық жатыр, әйел оған аппақ қолдарымен сүйеніп отыр. Әйелдің көздері алыс қиырға қадалған.

Бала құмырасын жерге қойды да, қолдарын дұға оқу кезіндегідей айқастырып, оның сүйкімді де, жұп-жүдеу өңіне қарап қалды. Тағы да оны біреу өз құшағына алып, алыстағы естелік еліне алып кеткендей болды... Бике әлі де баланы байқаған жоқ. Иә, өкінішті-ақ! Бүгін баланың өңі жақсы! Сенбі күні дәрігер оған Пал-

коның үстіндегідей жаңа костюм: жеңдері кең жейде, тар шалбар, биік етік, дөңгелек кепка және тоқылған кішкентай күртеше сыйлады. Петір де әдетте осы маңда киіп жүретін костюмге ие болды. Ондрейко өз жолдас-тарынан енді ерекше көрінбейтіні үшін өте қуанышты еді, сөйтіп, кеше шіркеуде де көптеген келген адамдар бұларға қараумен болды.

Иә, егер қазір бике ол тұрған жаққа қараса ғой! Бірақ ол әлі де қиырға қарап отыр. Иә, Палконың лашығында тұратын осы әйел ғой! Бұл отырғышта басқа кім отырушы еді? Әйелмен бірге оның ақ мысығы да жүр екен. Демек, бике ұйқыдан тұрған, ал ол болса, қазір ғана оған ертеңгі ас әкелді! Шынымен-ақ ол кешіккен бе? Қатықты әлі жылыту керек, сонда ол қай кезде ертеңгі ас ішеді?

Батылданып алған Ондрейко әйелмен амандасты. Әйел селк ете қалып, жасқаншақтана жақындап келе жатқан балаға таңқала қарады.

— Қайырлы таң, — деп үн қатты Ондрейко иіліп.

— Мен сізге қатық айран әкелдім, бірақ сәл кештеу келген сияқтымын. Мен өте асыққан едім, ашуланбауыңызды өтінемін!

— Сен маған қатық әкелдің бе? — деп сұрады әйел таңқалып. Ол орнынан тұрды да, баланың қолынан ауыр құмыраны алды. — О, бұл саған көтеруге тым ауыр екен ғой!

— О, жоқ! — деп ұяла қарсылық білдірді бала үлкен көздерін бикеге қадап.

Иә, қандай бақытты еді, ол, ақыр аяғында оны көрді ғой. Әйел онымен сөйлесуде, тіпті қолынан да ұстады!...

— Сенің атын кім?

— Ондрейко.

— Сен де осы жайылымда тұрасың ба?

— Иә, Филина ағайда тұрып жатырмын. Маған онда өте ұнайды.

Әйел құмыраны өзі көтеріп, баламен бірге үйге қарай жүрді. Оның бойы орта бойлы екен, келбеті мен қимыл қозғалысынан қандай бір бекзаттық білінеді.

— Ал Петір немесе Палко неге қатық әкелмеді? — деп сұрады әйел, Ондрейконы әңгімеге тартып.

Біз кезектесіп алып келеміз.

— Кезектесіп пе? Бірақ мен сені әлі бірде-бір рет көрмедім!

— Мен қатықты осымен үшінші рет әкеліп тұрмын, бірақ сіз үнемі ұйықтап жатасыз.

— Солай де? Демек, мен сен келгенде ұйықтап жатады екенмін ғой? Жарайды, онда мен сені әзір жібермеймін. Сен менде демалып әрі менімен бірге ертеңгі ас ішуің керек. Әне, қара, апай да бізді күтіп тұр! Бике апайға қуанышты түрде жақындап, оған құмыраны ұсынды.

— Бүгін бізге қатықты кім әкелгенін қараңыз. Сіз, әрине, таныс шығарсыз, бірақ біздер алғаш рет кездесіп тұрмыз. Менің қонағымды жақсы ертеңгілік аспен сыйлауыңызды өтінемін.

Құмыраны қолына алған кезде апайдың қолы сәл дірілдеп кетті. Қатықты жылытуды тездететінін айтып, ол лашыққа кіріп кетті. О, Тәңірдің оның дұғасына жауап бергеніне Ондрейко қандай қуанышты десеңші! Петір бикемен тек ас үйде әңгімелесетін, ал мұны болса, қонақ үйге алып кірді! Ал бұл жерде сондай әдемі: пүліш диван, креслолар және де басқа қымбат заттар, — нақ Гемерскийдің қорғанындағыдай сияқты. Бала әйелмен диванға бірге отырып, үлкен кітаптардағы суреттерді көрді. Әйел оған суреттерді көрсетіп, қалалардың аттарын атады.

— Сіз осы қалалардың бәрінде болдыңыз ба? — деп сұрады бала батылданып.

Оның жүзін мұң торлады.

— Иә, Ондрейко! Бірақ қазір менде бір ғана тілек пен құштарлық бар: ол — осы тауда, біржола қалып,

осы бір жауыз дүниенің бар екендігін ұмытып, оны ешқашан енді көрмеу.

Осы кезде апай ертеңгі асты әкелді, сөйтіп, олар әдемі дастархан жайылған столға отырды. Ол тамақ алдында үнемі сиынатын, қазір де сүйтті; содан соң жүрегін кернеген қуанышпен ол тағы да: «Сен менің дұғамды естігенің үшін, қымбатты Иса, Саған алғыс айтамын», — деп қосып қойды.

Бике сүті бар стаканды аузына апара бергенде, Ондрейконың дұғасын естіп, оны қайтадан қойды да, кінәсі бетіне басылғандай басын салбырата түсті. Оның ұзын кірпіктеріне жас толып кетті.

Олар ертеңгі асты ішіп болғанда бике кенеттен Ондрейкодан оның Исаға не жөнінде сиынғанын сұрады. Ол әйелге көптен оны көргісі келгенін, сондықтан өз жолдастарын күндегенін мойындады. Енді оның тілегі орындалды, сол үшін ол Исаға алғысын білдірді. Бала әйелден столда жатқан басқа бір кітапты қарауға рұқсат сұрады. Онда тек суреттер бар екен. Өзінің ұзын кірпіктерінің астынан ол бикеге қарап салыстырды. Ол көп суреттерді түсінді, бірақ бәрінде бике ерекше киім киген. Бір суретте ол кең мантия киген, ал басында тәж бар екен. Төменде: «Мария Стюарт роліндегі Мэри Славковская», — деген жазу бар. Ондрейко осы суретті ұзақ қарады.

— Сен неге бұл суретке ұзақ қарап қалдың? — деп сұрады бике оның шашынан сипап.

— Сіз барлық жерде осылай түстіңіз ғой? Демек, сіз театрда ойнадыңыз ба?

Ол балаға таңқала қарады.

— Сен шынымен-ақ театрдан бірдеңе білесің бе? Сен онда қашан болмасын бір рет болдың ба?

— Жоқ, — баланың жүзін мұң торлай түсті.

— Саған не болды, Ондрейко? — деп сұрады бике баланы құшақтап.

— Иә, менің анам да, бәлкім, осындай суреттерге түскен шығар.

— Сенің анаң ба? — деп сұрады таңқалған бике. — Ол шаруа әйелі емес пе еді?

— О, жоқ! — Баланың көздері жайнап кетті. — Ол әйгілі әнші еді. Бірақ мен оны енді көрмейтін шығармын, өйткені ол мені әлдеқашан ұмытып кетті. Ата-анам тірі болғанымен, менің ешкімім жоқ. Мен бұл турасында ұзақ қайғырдым. Бірақ Палко бізбен бірге болып, Мәсіхті жүрегімде қабылдағаннан бері мен өзімді соншалық жападан-жалғыз әрі тастанды ретінде сезінбеймін, өйткені мен: Исаның мені сүйетінін және Оның өзіммен бірге болатынын білемін...

Бала үндемей қалды, өйткені бикенің жүзі өте қуарып кетті. Баланы құшақтап отырған қолы сылқ етті де, оның аузынан жалын атқан күрсініс естілді.

— Апай!... — деп айқайлап жіберді қорқып кеткен бала.

Сол кезде, бөлмеге Моравец апай тез жүгіріп келді. Ол бикенің өліктей қуарып кеткен жүзіне су бүркіп, иіскететін дәрі берді. Оның басының астына жастық қойып, аяғын диванға салды, содан соң, сәл уақыттан кейін бике де есін жинады.

Апай дереу Ондрейконың қолынан ұстап, оны ас үйге алып кетті. Оның үрейлі сауалына әйел, — бике әлі әлсіз, сондықтан оған демалу керек, — деп жауап берді. Ондрейко өздерінің не жөнінде бірге әңгімелескенін айтып беруге тиісті болды. Апай күрсініп, баланың басынан сипады да: «Осылай болуы тиісті, неғұрлым ерте болса, солғұрлым жақсы болады!» — деді. Өзінің қайту керектігін айтқанда, ол Ондрейконы ұстаған жоқ, бірақ құмыраны кері алып қайтуға оған рұқсат берген жоқ.

— Бізге түстен кейін Палко келіп кетсін. Ол менің бибіме оны бақташы лашығына дейін шығарып салуға уәде берді. Ертеңнен бастап, оның өзі жайылымға барып, қатықты әкеліп ішуі керек, дәрігер мырза солай деді.

— Бірақ ол әлі әлсіз ғой, — деді қам жеген пішінмен бала.

— Ол енді ауру емес, тек әлсіреп қалған, осы әлсіздікті оның күресіп жеңуі керек.

— Иә, дүниеде қайғы қосылмаса рақат жоқ қой. Егер мұның бикемен кездесуі осыншалық ерекше болмаса ғой, Ондрейко үйге мақтаньшпен, бақытты түрде барған болар еді. Филина ағай оны орманда жылап жүрген жерінен тапты. Баланы өзінің күшті иығына салып, үйге әкелді. Жол бойында Ондрейко бәрін оған әңгімелеп берді, сөйтіп, Филина баланың қайғыру себебін білді.

— Ағай, мен оған білместікпен өте жаман әңгіме айтқан сияқтымын, сондықтан да ол сондай күйзеліп қалды, — деп солқылдай жылады Ондрейко.

— Жылама, — деп жұбатты оны ағай. — Сен Тәңірімнені аузыңа салса, соны айттың. Бүгін ол келгенше, бәрі орнына келеді.

Филина ағай қалжыраған баланы өз үйшігіне әкеліп, төсекке жатқызды да, өзі кереуеттің шетіне отыры. Ол баланың қасында оның шашынан сипап, ұзақ отырды. Көп кешікпей Ондрейко тәтті ұйқыға шомды. Оған мұндана қарап қойып, Филина жаймен шығып кетті. Жарты сағат өткен соң бақташылар мерекедегіше киініп, жартас жаққа қарай адымдап бара жатқан ағайды көрді. Олар ағайды қалаға барады, — деп ойлады әрі ол қалада кеше ғана болғандықтан бұған таң қалды.

Бұл кезде Палконың лашығында оны жеңіл-желпі деуге болмайтын ащы, өксікті үн шығып жатты, сөйтіп, Моравец апайдың ешкім естімесін деп бар күш салғанына қарамастан, бұл үн оп-оңай естіліп, жуық арада басыла қойған жоқ. Өксіп жатып, бике былай деді: «Менің қымбатты ұлым, ол осы жерде болды, ал мен оны білмеймін! Мынау ауыр құмыраны ол маған өз қолымен әкелді... Ол мені көруді аңсады, бірақ ол мені

таныған жоқ... Иә, ол қайдан білсін! Өйткені менің өзім де оны танымадым ғой! Ол, анасы оны, баяғыда ұмытқан, — деп ойлайды... Бірақ бұл шындық емес! Дүниенің барлық сән-салтанаты маған оны алмастыра алмайды! Ол, менің жоғалған қазынам! Әкем менің, әкем! О, егер сен өз қызыңа не болғанын білсең! Сен оны дұғаға қолдарын жаюды үйретіп едің, бірақ ол бәрін ұмытып қалды!... Мен өз еріме опасыздық жасадым! Мен — қатігез анамын! Егер сенің өзіңнің сақтандырғаныңның бәрі нақты мағынасында орындалғанын білсең...»

Әйел бұдан да қатты еңіреді. Апай шөп сыбдырынан келе жатқан қадамды естіп, сыртқа шықты. Шамалыдан соң үйге кірген ол, бике онымен маңызды іспен сөйлесуге келген Филина қартты қабылдай алар ма екен, — деп сұрады. Сәлден соң бақташы үйде отырды.

— Мен сізге келдім, Славковская биби, — деп бастады ол қатал пішінмен. — Сіздің Ондрейко тұрғысында батқан күнәңізге біржола және үзілді кесілді нүкте қойылуы керек. Дәрігер сіздің оның шешесі екендігіңізді, ал менің мырзам оның әкесі екендігін айтып берді. Сонымен не дейсіз? Нәзік сүйіспеншілікті керек ететін балақан енді бір өлеңде айтылғандай: «Әкем де, шешем де, апа-қарындасым да, аға-інім де жоқ. Неліктен, сен, менің тағдырым ащысың?», — деп өмір сүруі тиісті ме?

Оның дауысы қатал шығып жатыр. Бике одан жалынышты түрде сұрады:

— Менің не істеуім керек? Олар оны менен тартып алып, Гемерскийге беруге үкім шығарды ғой. Менің адвокатым өзіне қатыстының бәрін істеді, бірақ бәрі бекерге кетті.

— Ал егер менің қожам оны сізге қайтарса, онда ол жөнінде нағыз анасы секілді, сүйіп, қамқорлық жасай алар ма едіңіз?

— Солай дейсіз бе? О! Мен өзімнен мұндайды сұра-

уға тұрмаймын. Сенесіз бе, сенбейсіз бе, бірақ мен оны алу үшін бәрін берер едім. Өйткені ол мені, лайықсыз жанды сүйеді ғой.

— Иә, ол балақан шешесін қалай сүйе алса, сізді солай сүйеді. Сондықтан да мен сізге келдім. Бүгін немесе ешқашанда да Құдай дәл осындай, өз қазынаңызды қайтарып алуға мүмкіндік бермейді. Сіздің бұрыңғы еріңіздің қарызы көп. Басқарушы имениені құпия сатып жіберуге нұсқау алған. Егер сіздің ақшаңыз жеткілікті болмаса, ал дәрігер сізде ақша бар деген, онда сіз имениені іскерлердің қолына әзір түспей тұрғанда алғашқы сәттен-ақ сатып алыңыз. Сонда сіздің адвокатыңыз Гемерский мырзаға сіздің имениені сатып алатыныңызды және оны баланың атына аударатыныңызды мәлім етеді, сол кезде бала сізде қалады. Гемерский — имение Ондрейкоға мұраға қалады, — деп үнемі айтатын, өйткені бала оның тұңғышы болып саналады, ал бұл жөнінде бүкіл округ біледі. Егер осы бір тамаша имение бұрынғы иесінің баласының меншігіне айналса, мұнда масқара ештеңе жоқ. Ақылға тиімді басқарса, бұл имение қазіргісінен де көп табыс әкеледі. Егер сіз қазірден бастап, үлкен ақша қаржысын шығындасаңыз, имение сөзсіз бұған тұрады.

— Ой, Филина ағай! — Әйел ағайдың қолынан шап беріп ұстады. — Сіздің ақылды да, дана кеңесіңіз үшін қалай алғыс айтып, сыйлайтынымды білмеймін! Мен мұның төлеуін сізге қалай қайтарамын? Мендегі бар қаржы жете ме, білмеймін. Бірақ менде асыл тастар бар, сондықтан маған имение үшін төлеу қиынға соға қоймас; тіпті істі жүргізіп жіберу үшін де бірдеңе қалар. Мен ауыл шаруашылығын жүргізуде оншалық тәжірибесіз емеспін, сіз қалай ойлайсыз. Мен фермердің қызымын. Бірақ имениені маған кім сатып алып береді? Менің адвокатым бір жаққа кетіп қалды.

— Біз дәрігер мырзамен сөйлесейік. Сіз онымен бірге

қорғанның басқарушысына барып, барлығы жайында келісіңіз. Басқарушы қорғанды құпия түрде сатып жіберуге келісім алған. Имение қалай сізге тиісті болысымен, бала жөнінде де қам жеуге кірісесіз. Менің сізге беретін кеңесім осындай. Бірақ сіз Ондрейкоға оның бұдан былай азапқа түспеуі үшін бүгіннің өзінде бар шындықты айтуға тиістісіз. Бүгін түстен кейін келіңіз; мен сізді ертіп жүруі үшін Палконы жіберермін.

Филина орнынан тұрды.

— Сіз әлсіз болғандықтан, мен бүгін келмеген болар едім, бірақ сату-саттық іс күтіп тұрмайды, оның үстіне Ондрейко да соншалық қатты жылады. Ол сізді талып қалатындай күйге жеткізген — өте жаман бірдеңе айттым, — деп ойлайды. Бала өте нәзік. Оған тек дене жағынан ғана шынығу қажет емес, оның жүрегі ана мейірімін аңсайды... Сонымен, Тәңірім өзіңізді қолдасын.

— Филина ағай! — әйел оның жолын бөгеді. — Гемерскиймен неліктен ажырасып кеткенім сізге мәлім бе? Немесе сіз мен оны опасыздығым үшін тастап кетті, — деп ойлайсыз ба, өйткені мен әнші болдым ғой.

— Дәрігер мырза маған менің мырзам сізбен дұрыс істемеді, — деп айтқан еді. Қалғанының маған қатысы жоқ. Біздің бәріміздің де жеке күнәміз жеткілікті. Құдай бізді көріп және бізді біліп тұр. «Жазаламасандар, жазалы болмайсыңдар...»

Филинаның әдеттегі дөрекі дауысы соңғы сөздерді айтқанда нәзік шықты. Ол әйелдің қолын алып қоштасты да, шығып кетті.

* * *

— Филина ағай! Сіз даладан келіп қалғансыз ба? — деп үн қатты қасынан шыққан дауыс.

Оның алдында қолында саңырауқұлағы бар түйіншек ұстаған Палко тұр екен.

— Мен қалада болған жоқпын, Палко. Бірақ сен мұнда не істеп жүрсің?

Филина мүк өсіп кеткен түбіртекке отырды. Бала қасындағы жұмсақ мүк жастыққа жантайды.

— Мен Стевоға хат апарып едім, оны орманшының баласы Стевоға шешесінің бергенін айтып, тапсыруды өтініп еді. Стево шешесінің қайтадан сауыққанын біліп қуанып қалды, шешесі ауру еді ғой. Құдайға шүкір!

— Мен де қуаныштым, ол тамаша әйел ғой. Егер ұлының шешесі жоқ болса, ол отанынан да айырылады ғой, — деп ойға бата сөйледі Филина. — Сен мұндай саңырауқұлақтарды қайдан таптың?

— Рас, тамаша ма? Маған да бұлар бірден ұнады. Иошко бізге кешкі ас дайындап береді.

— Дұрыс, бірақ ең таңдаулыларын іріктеп ал да, түсте өз үйіңдегі бикеге апарып бер. Олар өте қуанып қалады.

— Мен шынында да бикені алып келуге тиістімін бе? Бұл жер оған өте алыс болып жүрмесе? — деп сұрады қамқорлықпен бала.

— Олай деп ойламаймын, сендер баяу жүресіңдер.

— Бірақ ол дегенмен жүре алмаса, ағай?

— Мен қазір ғана оны көрдім, сол жақтан келдім.

— Міне, қалай! Сіз оны көрдіңіз бе? Сіз қаладан келе жатып, оған соққан екенсіз ғой.

Ағай бірдеңені ойластырғандай шамалы уақыт үнсіз қалды.

— Палко, саған бірдеңе айтқым келеді. Егер Тәңірге лайықты болса, сен маған бір іске көмектесе аласың ба?

— Шын көңілден, тек айтыңыз!

— Тау бауырайындағы бұл жайылымдардың қожайыны Ондрейконың әкесі болып табылады. Сен мұны білесің бе?

— Иә, мұны білемін.

— Ал сол әсем бике, — ол Лезинаның үйі жағын көрсетті, — оның шешесі болып табылады.

— Не?! — деп үн қатты Палко орнынан секіріп тұрып. — Сіз не дедіңіз? Оның шешесі ме? Неге әке-шешесі бірге емес және Ондрейко да олармен бірге емес.

— Өйткені олар ажырасып кеткен, ал Гемерский мырза болса, міне, бірнеше жылдан бері басқа әйелмен тұрады.

Палко қарт бақташының алдында тізесімен жүгінді.

— Шынымен Иса Тәңірім оларға осылай етуге рұқсат берген бе? Өйткені Киелі кітапта бұлай етуге болмайды, — деп айтылған ғой.

— Білесің бе, Палко, жарық дүниеде Құдай қаламайтын көптеген істер болып жатыр, бұл да солай. Мұның күнә екенін мен білемін, бірақ осылай болып қалған екен, ештеңе де істей алмайсың. Бике өзі күйеуге шыққанға дейін-ақ Америкадағы әйгілі әнші болған екен. Ол өте әдемі болған еді, қазірдің өзінде әлі сұлу көрінеді. Гемерский оған үйленіп, оны Европадағы өз туыстарына әкелді. Туыстары оған ашуланды, өйткені әйелдің тегі ақсүйек емес еді. Олар әйелге жауыға қарады, оның үстіне күйеуі де тиісті назар аудармады. Мен мұны біршама білемін, ол өз әйелін қорғайтындардан емес. Мүмкін, ол өзінің қандай бір графиняға үйленбегеніне өкінетін шығар. Олардың арасында не болғанын білмеймін. Бірақ маған белгілісі мынау: бір тамаша күндердің бірінде ол жоқ кезде, әйел баланы алады да, Гемерскийді тастап кетеді. Олар бұл кезде Будапеште тұрды. Әйелдің ақшасы аз болатын, ал ол енді баланы да асырауға тиісті еді, сөйтіп, ол қайтадан театрға оралады. Гемерский оның баланы тастап, қайтып келмеуі үшін үстінен шағым түсірді. Іс басталып, неке бұзылады. Баланы әкесіне беруге үкім шығарылды, сөйтіп, ол ақыр соңында, бізге келді. Анасы оны қамқорлыққа берген адамдардан бала анасы жөнінде тек мақтау ғана естіді. Бірақ әкесі берген адамдарға тап болғанда, ол өз анасы туралы ешқандай жақсы сөз есті-

меді. Иә, бұл да әбден түсінікті. Сонымен, балада оның анасы тұрғысында әр түрлі ой пайда болды, сонда да бәрібір ол соған ұмтылып, анасын аңсап жүрді. Сондықтан да мен әлгінде бикеде болып, оның баланы өзіне қандай жолмен қайтара алатындығына кеңес беріп, оның дәл бүгін Ондрейкоға сырын ашып беруін өтіндім. Мен саған мұны Палко Ондрейконы бүгінгі кездесуге даярлауың үшін айтып тұрмын, оған бүгін кім келетіндігін айт.

Маңайдың бәрі тыныш еді. Ағай ойға батқан балаға қарады.

— Осының бәрін оған айтасың ба, Палко?

— Иә, ағай. Бірақ бұл оңай міндет болмағандықтан, мен мұның алдында Иса Тәңірден күш сұрауым керек. Ондрейконың енді Исаға тиісті екені қандай жақсы! Ол енді өз анасына Оған жол табу үшін көмектеседі.

— Сен ақылды баласың, — деді қарт бақташы.

— Бірақ Филина ағай, — деп тағы үн қатты Палко, — бүгіндей Иса Тәңірге тиісті болатындығыңызды маған біржолата қашан айтасыз?

Баланың жалынышты, мейірімді дауысы еркектің көзіне жас туғызды.

— Саған не деп жауап беруді өзім де білмеймін, балақаным. Менің өзіме ғажап бір нәрсе болды; бірақ бір кездегі Закхей сияқты әрекет істегеннен бері менің бойымнан үлкен бір ауырлық түскендей сезім билейді, мені билеген уайым-қайғы да бір жаққа кетіп қалған сияқты. Кейде маған Құдай Ұлы шындығында да менде тұратын сияқты, сөйтіп, Киелі кітапты оқыған кезімде Ол менің жүрегімде мекендеп және менің соқыр болған көздерімді ашатын сияқты. Енді мен өзімнің не істейтінімді білемін, балақаным.

— О, ағай! — деп үн қатты Палко қуанғанынан секіріп. — Сонымен, сіз Оны қабылдап та қойдыңыз ба? Ол сіздің қайғыңызды Өзіне алды.

— Не айтып тұрсың сен, балақай?! — деді таңқалған Филина. — Бар болғаны осы ма?

— Иә, болғаны осы. Тек біз Оған сеніп және нана білуіміз керек. Өйткені сіз Оның: «Барлық тырысып шаршап шалдыққандар, ауыртпалық басқандар бәрің де Маған келіңдер! Мен сендерді рақаттандырамын. Мойынтұрығымды киіп алып, Менен үйреніңдер; Мен момын және кішіпейілдімін! Сөйтіп жандарыңа тыныштық табасыңдар. Мойынтұрығым ыңғайлы, ауыртпалығым жеңіл ғой», — деді. (Матай 11:28-30). Міне, сіз де Оған келдіңіз, сөйтіп, Ол сізді тыныштандырды!

— Мен бұған сенемін, балақаным; мен сенемін және Закхей сияқты түсінемін. Ол құрып бара жатқандарды іздестіріп және құтқаруға келді; Ол мені де, құрыған күнәкарды іздестірді, сөйтіп, мен Оған өзімді тауып алғыздым.

Біршама уақыт өткен соң олар тізелерін бүккенде көкте қуаныш пен ұлы шаттық болып жатыр еді, мұның себебі, адам өз жүрегінде Иса Мәсіхті қабылдады, өйткені: «Оны қабылдағандарға Оған түгелдей сенушілерге Құдайдың бала-шағасы болуға билік берілді» (Жохан 1:12). Періштелер осындай жолмен Өмір Кітабына жаңа есімді жазды.

Филина өмірінде алғаш рет Құдайға, өз Әкесіне шын жүректен сиынды. Ол Құрбандыққа Оның өлімі, өтеуі мен кешірім бергендігі үшін, сондай-ақ Оның өзіне Палконы жібергені үшін алғыс айтты.

— Енді маған бұдан бұлай, сіз үшін сиынудың керегі жоқ, — деді Палко дұғалықтың соңында. Бірақ оның Исаны тауып, Оған сенуі үшін мен Ондрейконың анасы үшін қазір бұдан да гөрі күшті сиынатын боламын.

Олар біршама жер бірге жүрді, содан соң ағай жайылымға баратын соқпаққа бұрылды, ал Палко бақташы лашығы жаққа бет алып, қатты дауыстап, әнге баста, мұны оған таудан жаңғырық қайталап жатты.

Түскі астан соңғы барлық уақыт лашықты жинастыруға кетті. Балалар бірде-бір шаң қалмағанша барлық жерді сыпырып, тазалады. Ондрейко үлкен гүл шоғын әкеліп, одан гүл тізбегін тоқыды. Тізбек дайын болғанда ағай оны есіктін үстіне бекітіп қойды.

— Сонымен, енді мен кеттім, — деді Палко бәрі дайын болғаннан кейін. — Ондрейко менімен бірге жүр. Мен жақын маңайдан тамаша гүлдер көргенмін, сенің оларды үзіп жинауыңа болады.

— Дұрыс айтасың, қазір гүлдің толысатын кезі, — деп қостап қойды ағай, — бірге барыңдар.

Ондрейко Палкомен қуана-қуана жүрді. Балалар орманға көңілдене жүгіріп кетті, онда көптеген гүлі бар алаңды тауып, тамаша гүл шоғын үзіп алды.

Шамалы отырайық, — деп ұсыныс жасады Палко. — Ондрейко, мен сенен бірдеңені сұрағым келеді: сен өзіңнің анаңды сәл-пәл еске түсіре аласың ба?

— Менің анамды ма? — деп күрсінді Ондрейко. Ол бұл сұрақты күтпеген еді. — Менің есімде өте аз сақталып қалды. Тек оның өте сұлу және тамаша ән шырқай алатыны ғана есімде.

— Ал егер ол күтпеген жерден келе қалса, сен қуанар ма едің?

— Маған келсе ме?... Ондрейко көздерін кең ашып, Палкоға қарап қалды. — Ол мен үшін келе алмайды ғой, өйткені мен оған емес, әкеме тиістімін ғой.

— Сен соңғы кезде соның үйінде тұрған үй иесі әйел анаң туралы не айтып еді?

— Менің апам театрды көбірек жақсы көріп, сондықтан мені мен әкемді тастап кетті.

— Сен оған сендің бе? — деп сұрады Палко тұнжырап.

— Жоқ! Мен бұған сенген жоқпын, өйткені мен оны жақсы көретін едім.

— Сенбе де! Оның сендерден неліктен кеткенін маған Филина ағай айтып берді: сенің әкеңнің үй іші оны

жақтырмады, өйткені ол тегі жағынан ақсүйек емес екен. Ол театрға қайтып оралуға тиісті болды, өйткені күнкөретін ешқандай қаржысы болмады. Сенің әкең оны алыстан әкелген еді, сондықтан ол жаққа қайтып бара алмады. Енді не істеуі керек? Мен театрдың не екенін білмеймін. Бірақ ол онда ән айтқан болса, мұның жаман ештеңесі жоқ. Егер анаң біз екеуміз сияқты Иса Тәңірді білетін болса, онда Ол оған бірдеңеге кеңес беріп, көмектескен болар еді. Сөйтіп, егер ол бір кезде жаман іс істеген болса, бір тамаша уақытта Тәңірді таныған күні кешірім сұрайды, Ол оған бәрін кешіреді. Бірақ біздің ісіміз — оған Ол жөнінде әңгімелеп беру. Мұны сен және мен істеуге тиістіміз.

— Біз бе? — Бірақ ол бұл жерден алыс қой.

— Бұған сенбе, Ондрейко. Иса Тәңірім оны бізге жіберді. Біздің үйшіктегі бике — сол сенің анаң.

— Ол сол ма? — деп секіріп тұрды таңқалған Ондрейко. — Иә, иә, ол — сол! Ол осындай болатын. Дауысы да сол! Сондықтан да мен онымен сөйлесіп, оған қарағанда таныс ертегіні естіп тұрғандай болдым. Мен оны сәл-пәл таныдым, бірақ ол мені таныған жоқ, — деп мұңая күрсінді бала; оның көзіне жас толып кетті.

— Мына шаруа киіміңмен ол сені қайдан танысын! Біз Петір екеуміз сені әрең таныдық.

— Сен солай ойлайсың ба? — деп сұрады Ондрейко сәл тынышталып. — Палко, сен мені оған алып кет, ол мені өзінің Андрашысы екенін білмейді ғой.

— Ол енді біледі. Филина ағай онда болып, бәрін оған айтып берді.

— Мені өзіңмен бірге ала кет; мен оны соншалық ренжіттім, ол сәл ғана өлмей қалды!

— Иә, кеттік! Мұның Иса Тәңірге лайықты болатыны сөзсіз.

8. ІЗДЕУШІЛЕР МЕН ТАБЫЛҒАҢДАР

Ондрейко бұл кездесуді өз өмірінде ешқашан ұмытпас: лашықтың есігі кенеттен ашылды да, одан жұқа көкшіл орамалы бар сұлу әйел шықты. Ол қолында үлкен қалпағын ұстады, қалпағы қолынан түсіп кетті де: «Менің Ондрейком!...» — деген үн шығарып ол балаға ұмтылды, ал бала болса: «Апам, менің апам!» — деген сөздермен оның мойнынан құшақтады. Әйел баланың алдында тізерлей отырып, оны бауырына қысты. Екеуі де, олармен бірге Палко да ұзақ уақыт бойы жылады.

— О, менің апам, мен сені сондай жақсы көремін! Мен сенің балаң екенім рас емес пе және сен мені тастап кетпейсің ғой? — деді Ондрейко көзі жасқа тола әйелдің бетінен сипап.

— Иә, сен менің баламсың! — деп жұбатты әйел баланы. — Мен сені жарық дүниеде енді ешкімге де бермеймін! Жарайды, енді, көгершінім менің Филина ағайға барайық. Ол сені менен ешкім тартып алмау үшін көмектеседі.

Өздерінің бақташы лашығына қарай қалай бірге жүргендерін, онда бұларды лашықтың қалған мекендеушілерінің қалай қуана қарсы алғанын Ондрейко ешқашан да ұмытпас. Бұл неткен тамаша күн еді десеңші! Содан соң анасы Моравец апаймен бірге түнеуге қалды. Ағай апаймен кеңесіп отырды, ал Стево екі әйелге де өздерінің үйінен қажетті нәрселерді: жастық, ақжайма, көрпе және басқаларын әкеліп берді. Бүкіл кеш бойында Ондрейко өзінің анасымен бірге отырды.

Ағай жайылымдағы өздерінің өмірі туралы және өз өмірінен басқа да көптеген қызықты жайларды әңгімелеп берді. Таза ауада кешкі асты ішкен соң олар бір жырды әндетіп, құлшылық етті. Филина ағайдың тілегі бойынша Палко Киелі кітаптан Лұқа жазған Інжілдің

15-тарауындағы ізгі Бақташы туралы, бір драхмасын (ақша) жоғалтқан әйел туралы, қайырымды әкесі бар және одан кетіп қалған ұл туралы естірте оқып берді. Адамның ұл жат жерде тұрмысы өте нашар болып, ақыр аяғында, әкесіне қайтып келуге мәжбүр болды. Бәрі де Палконы көңіл қоя тыңдады. Маңайда терең тыныштық салтанат құрды; ол оқып болған кезде тек оттың шыртылдағаны ғана естілді. Аспанда жұлдыздар жымыңдады, ай тау шыңдары мен жайылымды нұландырып тұр. Ауық-ауық қой қорадан қоңыраудың ақырын сыңғыры естіледі. Кенет Фирина ағай басын көтеріп, әдеттен тыс дауыспен былай деп үн қатты:

— Жоғалып, табылған қой, — бұл мен, қымбатты жандарым. Рақымы күшті Құдай менің бар күнәмді кешірді. Иса Тәңір мені іздеп тауып алды, сондықтан мен де оған берілдім. Оған сол үшін алғыс айтайық.

Ол қалпағын шешіп, қызулана құлшылық етті. Отырғандардың ешқайсысы әлі мұндай дұғаны естіген жоқ еді. Ондрейко осы минуттарды ешқашан да ұмытпас.

Бәрі тынышталған кезде Фирина әдеттегісіндей, барлығын рет-ретімен тексеруге кірісті. Ағаш жапсырма үйге жақындай бере ол кенеттен тоқтай қалды. Отырғышта шәлісін қымтанып, Славковская бибі отыр. Тізесін қолдарымен құшақтап, ол осы бір сұлулықтың құпиясына бойлағысы келгендей жұлдызды аспанның қиырына қарап отырды. Фирина ағай өзінің келгенін білдіргісі келіп, жөтеліп қалды. Әйел басын көтеріп, оны отыруға шақырып, бос орынды ишарамен көрсетті. Ол отырды.

— Фирина ағай, сіз жоғалып, енді табылған қоймын дедіңіз ғой, — деп сөйлей бастады ол. — Өз драхмасын жоғалтқан әйел — бұл менмін, тек ол ғана емеспін, сондай-ақ адамның қызыбын.

Оның дауысы мұңды шықты.

— Сіз бұл арқылы не айтқыңыз келеді? — деп сұрады Фирина байсалды түрде.

— Палко әңгімелеген адасқан ұлдың әкесі сондай қайырымды екен, өзімізді сүйетін және қайырымды әкеммен менің де солай еткенімді айтуым керек. Сондықтан менімен қазір осындай оқиға болды.

Ол терең күрсінді.

— Маған бұл жайында әңгімелеп берсеңіз! Мен енді қарт адаммын, тіпті сіздің әкеңізбен де қатар шығармын. Мен сізді түсінемін.

— Иә, мен сізге бәрін әңгімелеп беремін. Оның ешкімі жоқ кезінде, сіз менің бақытсыз нәрестемді құтқарып қалып, оған болыстыңыз. Сіз оның туған әкесіндей қамын жедіңіз.

* * *

Біз Америкада тұрдық, онда біздің тамаша фермамыз болды. Менің атам мен әжем әлі жас кезінде Богемиядан қоныс аударып келіп, осы шағын ферманы өздеріне сатып алды. Олар көп еңбектенетін, сөйтіп, Құдай да олардың еңбегін жарылқады. Олар ізгі адамдар еді, сондықтан да Құдайға бүтіндей берілген болды. Олардың ұлы мен қызы бар еді. Ұлының оқығысы келгенде, олар оған кедергі болмады. Ферма жұмысына енді ол көмектесе алмады, сондықтан ата-анасы амалсыздан жұмысшы жалдады. Олар жұмысқа алған кісі жерлесі болып шығады да, үй ішіне туыс ретінде сіңісіп, оны бірден жақсы көріп кетеді. Бірде атам қатты науқастанып қалды да, өлемін, — деп ойлап, өз қызметкерін шақырып алды. Егер оның басы бос және қалыңдығы болмаса, онда қызын әйелдікке алуға болатынын айтты. Қызы мен әйелін сенімді қолға тапсырып кетсе, өлім де оған жеңіл соғары хақ еді. Ол қызының осы бір қайырымды және әдемі жас жігітті сүйетінін біледі екен. Жігіт ойланып-толғануға уақыт беруін өтінді. Жігіт қожасының қызымен кездесіп, өзінің байырғы жүр-

тындағы тағдыры туралы айтты. Онда не әңгіме болғанын білмеймін, әйтеуір қыз оның әйелі болуға келісiмiн бердi және бұған кейiннен ешқашан өкiнбедi. Әкем менiң шешеме өте қайырымды болды. Осы арада атам да сауығып, өз күйеу баласымен әлi де ұзақ жылдар бойы бiрге өмiр сүрiп, жұмыс iстедi. Оларға бақыт күле қарады, сөйтiп, көп ұзамай өздерiне үлкен ферма сатып алды. Менiң жеке басымда осының соңғысы ғана есiмде. Мен ата-анамның жалғыз қызы едiм. Адальберт нағашым да бұл кезде үйленiп, Нью-Йоркте профессор болды. Ол менiн ата-анама менi өз тәрбиесiне берудi өтiндi, өйткенi ол жерде менiң мектепке барып, бiлiмдi бике болуға мүмкiндiгiм бар едi. Атама да бұл ұсыныс ұнады, сөйтiп, мен сол кезден бастап үйде тек жазда ғана тұрдым, ал қалған уақытты нағашымның үйiнде өткiздiм, онда мектепке бардым, бiрақ менiң бiлiмiм мұнымен аяқталған жоқ. Осы кезде нағашым менiң ән шырқауға үлкен қабiлетiмнiң бар екенiн байқады, менiң ұстаздарым да мұны қостады. Ата-анамның келiсiмiнсiз мен ән сабақтарын ала бастадым, оның ақысын нағашым төлеп тұрды. Ән айту, әннiң өзiнен де гөрi көрермендердiң қошеметi маған өте ұнады, әсiресе мен мектепте ән айтқан кездерiмде қуанышым мол болды. Бұл кезде үйде үлкен өзгерiстер болды. Менi өлейiн деп жатқан атама шақырғанда мен ошағымызды зорға таныдым. Бiздiң ферма тауда болатын, онда бiрнеше апта бойына Iнжiлдiк жиналыстар өтiп тұрды. Бiздiң бүкiл үй iшiмiз дiн тақырыбына арналған уағыздарды тыңдау үшiн осы жиындарға барып, бәрi Иса Мәсiхтi өз Құтқарушысы ретiнде жүгiнiп қабылдады. Мен атамның шадыман қайтқанын ешқашан ұмытпаспын, ол қалған барлық адамдарға батасын берген соң Тәңiрiне бейбiт кеттi және бұл ұлы ажырасуды әжем өте байсалды қабылдады. Бiрақ өз өмiрiмде тұңғыш рет мен үйiмнен Нью-Йорктегi нағашыма дәл қашып кеткендей бол-

дым. Менің қымбатты ата-анам үй шіркеуін ұйымдас-
тырған еді, онда Ол жөнінде, Оның құтқарылуы тура-
лы айғақ беріп, Құрбандықтың құрметіне дін жырла-
рын шырқайтын. Бірақ менің бұл әндерді шырқағым
келмеді. Мені үйдің қабырғалары дәл қысып тұрғандай
болды.

Қайырымды да, сүйікті әкем мені үлкен қайғыға
беріле отырып, жіберді. Менің алдымда әлі емтихан
мезгілі және сабақтың соңына дейін жарты жыл бар
еді. Ал ата-анам, мен енді олармен бірге тұратын бола-
мын, — деп қуанып қалған еді: өйткені мен олардың
жалғыз қызы болдым ғой, сондықтан олар сақтық
ақшаларының бәрін маған аударатын. Нағашым барлық
жағынан менімен келісті. Ол да мәңгілік рақатқа бара-
тын тар жолмен жүргісі келмеді. Менің білім алуымның
аяқталуымен бірге ән сабағы да тоқталды. Мен операға
баруға рұқсат алу үшін ата-анамды үгіттеу мақсатымен
үйге келдім. Менің әнші болғым келіп еді. Жарты жыл-
дан астам уақыт бойы ата-анамды үгіттеп, жалынумен
болдым, көз жасымды да төктім, бірақ бәрі бекерге
кетті... Менің әкем маған періштеге тән қайырымды-
лықпен және төзіммен қарады, ал бұл уақытта менің
анамның да, әжемнің де төзімі таусылды. Бірақ әкем
мызғымас жартастай, бетінен қайтпады. Осы қадамды
жасауға рұқсатын алу үшін, мен оны ешбір көндіре
алмадым. Сөйтіп, ол маған рұқсатын бермегендіктен,
оны мен өзімнен өзім алдым...

— Сөйтіп, сіз не істедіңіз? — деп сұрады Филина ағай.
Жауап орнына өксіп жылаған үн естілді.

— Мен хат қалдырып, туған үйімді тастап кеттім,
хатымда: мен дүниені сүйемін, сондықтан құрмет пен
даңққа ұмтылып өмір сүргім келеді, фермада қалғым
келмейді, — деп жаздым. Сөйтіп, Адальберт нағашыма
қашып кеттім. Қымбатты әкем артымнан іздеп келді.
Ол жалынып, қайтуымды үгіттеді, бірақ мен алған

бетімнен қайпадым. «Дүние әбігершілік, менмендігімен және мәнсіздігімен сабын көбігі сияқты сенің алдыңнан сусып кеткенде, сенің жүрегің торығу мен үмітсіздікті бастан кешіргенде, өз әкеңнің барын есіңе алып үйге қайт! Бірақ қазір біздің жолдарымыз ажырауда! Біз тар жолмен келеміз, бірақ ол көкке апарады. Сенің жолың кең, бірақ ол тұңғыыққа құлатады. Біздің дұғамыз сені жан-жағынан отты қорған құсап, қоршап, желеп-жебеп жүрсін. Мен сенің көптеген қаскүнемдік пен азап шегуді бастан өткізетініңді білемін: мұның себебі, біздің дұғамыз сенің маңайыңдағылар жүрген жолмен жүруіңе саған кедергі жасайды». Бұл оның соңғы сөздері болды. Иә, Филина ағай, бәрібір мен осы бір кең жолмен кеттім. Қысқа уақыттың ішінде мен әйгілі әнші болдым. Маған — фермердің қарапайым, бірақ білімді қызына жоғарғы қоғамға ену мүмкіндігі берілді. Менің алдымда барлық жердің есігі кең ашылды. Адамдар мені адасқан ұл сияқты қолдарына көтеріп алып жүрді, сөйтіп, мен ата-анамды да ұмытып кеттім. Осы кезде Гемерский кездесіп қалды, сол үшін бәрін, тіпті даңқты да құрбан етуге дайын болып, мен оның соңынан ілестім! «Менің әйелім болғаннан кейін, өз кәсібінді жалғастыра бересің», — деп ол маған уәде берді. Ол өз сөзінде тұрды, тек біз Америка мен Италияда тұрған уақытта ғана солай болды. Оның отанында мен мұндай мүмкіндіктен айырылдым. Ал содан кейін мен қымбатты әкем айтқан күйді бастан кешірдім. Бірақ мен бұл жөнінде айтқым келмейді; тек қана өзімнің сол бір «адасқан ұл» болғанымды еске саламын.

— Сіз адасқан ұлдың істегенінің тек жартысын ғана істедіңіз шапағатты ханым; ұл үйіне қайтты ғой, ал сіз оны әлі істеген жоқсыз.

— Иә, сіз дұрыс айтасыз, мен әлі үйіме қайтқан жоқпын. Мен өзімнің опасыз күйеуімді тастап кеткенімде, алданған, бейшара және тастанды күйімде қайту-

ға арландым. Ал өз нағашымнан жәрдем беруін сұрағанда, ол маған шамалы ақша жіберіп, өз күйеуіммен қосылуымды немесе өз ата-анаммен ымыраға келуімді қатты тапсырды. Бірақ мен әлі де өкінбедім. Маған бәрі өзіме қарсы күнә жасап, жалғыз өзім жапа шегіп жүргендей көріндім... Бірақ өмір сүру керек еді, сөйтіп, мен тағы да сахнаға, бірақ шерлі жүрекпен оралдым. Көп кешікпей дүниені тағы да кешіп жүрдім, бірақ ол менің алдымда өз ақауымен және бұзылғандығымен көрінді. Менің әкем дұрыс айтқан екен: мен өз маңайымдағы адамдар сияқты күнә жасай алмадым, сондықтан маған көп азап шегуге тура келді, ақыр аяғында мен осының бәріне төзе алмадым. Менің денсаулығым бұзылды, мен өз баламды іздеуге кірісіп, сахнадан кеттім. Мен оны ең болмаса, өлім алдында бір көргім келді. Міне, бар болғаны осы!

— О, жоқ! — деді Филина ағай орнынан тұрып жатып, — бұл соңы емес! Қызы өзінің Аспандағы Әкесіне, одан соң жерлік әкесіне келгенде ғана соңы болады. Мені қабылдаған Соның Өзі сізді де қабылдайды. Жарайды, енді біздің ұйықтауымыз керек, сізге демалыс қажет. Дәл осы сәтте сіздің жердегі әкеңіздің мұхиттың арғы жағында сіз үшін сиынып жатқанын есіңізге алыңыз. Ал Аспандағы Әкеңіздің бізді сүйгендігі сондай, бізге Өзінің Жалғыз туған Ұлын жіберді. Қайырлы түн!

Ауа таза әрі салқын еді, тап-таза аспанда ірі жұлдыздар жымың-жымың етіп, өздерінің мейірімді нұрын жер бетіне төгіп тұр. Маңайдағының бәрі терең және алаңсыз ұйқы құшағына берілді.

9. ӨТКЕННІҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Келесі күні дәрігер келді. Ол имениені сату жөніндегі басталған істі ақыр аяғына дейін жеткізу үшін Филина ағаймен бірге адвокатқа барғысы келіп еді. Сөйтіп, экипаж оның шешесін, Филина ағай мен дәрігерді қалаға алып кеткенін, Ондрейко көріп үлгере де алмай қалды. Сапарға шығар алдында Филина ағай Палкодан балалармен бірге барып, ештеңе де, ешкім де кедергі болмайтын жерде өздері бастаған істің табысқа жетуі үшін сиынуларын өтінді. Олар өздерінің дұғасын Тәңір естіп, жауап береді деп сенді.

Филина ағай балалар ұйықтап жатқан кезде үйге кеш оралды. Таңертең ол балаларға бәрі сәтті өткенін, бірақ нәтижесінің бір аптадан соң ғана белгілі болатынын хабарлады.

Иә, бұл қандай апта болды десеңші! Мұндайды балалар әлі бастан кешірген жоқ еді. Олар Ондрейкомен бірге оның анасына жиі барып тұрды, әйел де бақташының үйіне келіп кететін. Егер ол отырып қалып кеш қалса, онда түнеуге шын көңілден қалатын да, ал апай үйге жалғыз қайтатын. Кейіннен өзін тәтті бірдеңемен сыйлайтын болғандықтан, Петір апайды үнемі қуана шығарып салатын. Ондрейко өз анасымен енді бірге ұйықтайтын, бұл сондай тамаша еді! Әйел баласының төсегінің шетіне отырып, ғажайып оқиғалар әңгімелеп беретін, ол әзірше анасының әлдилеген нәзік дауысымен ұйықтап кеткенше сипап, сүйіп қоятын. Оның есесіне бала таңертең анасын оятып, еркелей құшақтап, оның ернінен сүйетін. Содан соң, егер Филина ағай рұқсат берсе, Ондрейко анасын үйіне шығарып салатын. Жол бойында бала оған әр жерді алып жатқан жайылымдарды көрсететін. Олар шалғында болып, малдарды қарап, бақташылармен әңгімелесетін. Апасы бәріне де ілтипатпен және сезімталдықпен қарады. Содан соң ол асқа

сондайлық тәбетпен кірісетін! Анасы қалжырап, тәтті ұйқыға берілетін, сөйтіп таудың таза ауасынан тыңая түсетін. Филина ағайдың оған ұнағанына Ондрейко қуанышты еді. Ағай оған биби ретінде қараса да, бірақ оның қамын жеп, сүйіспеншілікпен, туған қызындай көріп әңгімелесетін.

Сенбіде Ондрейко анасына баруға тиісті болды. Бірақ бұл жолы түскі тамаққа баланың жолдастары да шақырылып, тіпті Дунай мен Фидельдің де оларға ілесіп жүруіне рұқсат етілді. Ақ мысық енді иттерден қорыққан жоқ, олар да мысықты көріп жайына қалдырды.

Ондрейко қонақ үйге қуана кіріп келді, бірақ босағада қорыққаннан тұрып қалды. Оның сүйікті апасы столдың жанында қолында хат ұстап, ... жылап отыр екен. Иә, ол қандай қатты жылады десеңші! Рас, ол оған жүгіріп барып, оны құшақтап, сүйгенде, оны көргенімен жас көзінен тоқтаусыз, ағып жатты.

— Неліктен жылап отырсың, сүйікті апатайым? — деп сұрады ол табандылықпен. — Кімді ойлап, жылап отырсың?

— Өзімді, менің көгершінім, өйткені мен өте, өте жаман адаммын.

Бұған Ондрейко ешбір келіспес еді, өзінің апасы оған періште сияқты көрінді. Бірақ кеше олар: «Өйткені бәрі де күнәға батты да Құдайдың даңқынан айырылды және бәрі де істерімен емес, тек Иса Мәсіхтің қанымен өтеліп, Оның рақымдылығымен ақталды» (Рум. 3:23-24), — деп оқыған; Палко адам өзін жақсы санап, осы айтылғанды түсінбейінше, Иса Тәңір оны таба алмайды, өйткені дәрігерді дені саулар емес, аурулар қажет етеді, — дегенді айтты. Ал Филина ағай, мұны тек Қасиетті Рух көрсете алады, — деп қосып қойды. Демек, Қасиетті Рух оның анасының жүрегінде әрекет ете бастады. Сол кезде ол, бәлкім көп кешікпей, Өзінің жеке Құтқарушысын тауып алар!

— Ал неліктен сен, апатай, өзіңді жақсы емеспін, — деп ойлайсың? — деп ұяла сұрады ол.

— Өйткені менің әкем сондай қайырымды еді, ал мен оны қайғыға батырдым. Көріп тұрсың ба, осынша жыл ажырасудан кейін бүгін бірінші рет ақыр аяғында оған хат жаздым.

— Сен одан кешірім сұрадың ғой, солай ма?

— Иә, бірақ ол осындай үлкен күнәні кешіре алар ма екен?

— Әкесі адасқан ұлын кешірді ғой, өйткені ол оны сүйетін, — деді бала байсалды пішінмен. — Әлде сені әкең сүймей ме, апатай?

Әйел тек ауыр күрсініп қойды, бірақ енді жылаған жоқ.

— Егер оған оралсаң, ол сені қабылдайтын шығар.

— Көрерміз, ол менің хатыма жауап берер ме екен және не жазар екен.

— Апатай, сенің әкең маған ата болып саналады ғой, солай ма?

— Иә, менің қымбаттым, егер сенің маған бүтіндей тиісті екендігіңе Тәңірім мүмкіндік берсе, онда біз оған барамыз, сөйтіп, сен маған одан кешірім сұрауға көмектесесің. Ол сені жақсы түсінеді, өйткені екеуің де Тәңірді сүйесіңдер және оның қойлары болып табыласыңдар.

— О, атам да Иса Тәңірді сүйе ме? — деп қуана үн қатты бала. — Онда ол, әрине, сені кешіреді.

Осы кезде оларға әңгімесін үзуге тура келді, өйткені апай келіп, тамаққа шақырды. Түстен кейін Иошко келді. Ол қалаға сатуға ірімшік алып бара жатыр екен, содан соң, қандай болмасын тапсырма жоқ па екен? — деп, жол-жөнекей соғып кетті. Жас әйел өзінің хатын ала кетуді өтінді, ал апайда да тапсырмалардың тұтас тізімі жиналып қалған екен.

Түстен кейін бәрі қайтып келген соң, үй шаттық пен

қуанышқа кенелді. Ондрейко өз анасына қарап, мауқын баса алар емес. Енді ол жақсы әрі қуанышты көрінді. Ол балаларды әр түрлі қызықты ойындарға үйретті. Кешке қарай ол балалармен жартасқа барды, осы жерде Палкоға өзінің «күн елін» қалай тапқанын тағы да әңгімелеп беруге тура келді. Ол сәби кезінде өзінің ада-сып кетіп, жат адамдар арасында тәрбиеленгенін, сөйтіп, Иса Тәңірдің мұның қамын жеп, сүйікті ата-анасына қайтадан қосқанын айтып берді.

Славковская бибі Палкодан оның анасы туралы сұрады. Ол өз баласына қайғырып, анасының қалай ақылынан айырылғанын және ғажайып түрде қайтадан қалай сауығып кеткенін айтты.

Тағы да жайлы, жазғы кеш келді. Кешкі шапақ жерді әуе жамылғысымен жапты. Күн тыныш табуға кетіп бара жатып, өзінің соңғы сәулесімен аңғар мен ошақ басында ойға батып отырған адамдарды нұрландырды.

— Сіз өте тамаша ән шырқайды екенсіз, — деді Палко үнсіздікті бұзып, Ондрейконың анасына бет бұрып, — адамдар барлық жақтан сізді тыңдауға келеді екен. Біз де сіздің ғажайып әніңізді тыңдағымыз келеді. Мархабат, бізге бірер ән шырқап берсеңіз.

— Ой, Палко, — деп жауап берді ол басын шайқап, — саған менің әндерім ұнай қояр ма екен. Оның үстіне сендер олардың мазмұнын түсінбейсіңдер, мен ағылшынша, итальянша, тек кейде ғана чех тілінде ән салатынмын. Сонымен бірге, бұл әндер мынау маңғаз тауларға және мынау қасиетті кешке сәйкес келе алмайды. Бірақ тоқтай тұр, ойлануға рұқсат бер...

Маңайдың тыныштығы сондай, иненің құлағанын естуге болады, тек анда-санда ғана қоңырау дауысы тыныштықты бұзып жібереді. Біраз уақыт Славковская бибі жадына бірдеңе түсіргендей басын салбыратып тұрды.

— Мен теңізде болғанымда үйренген бір словак әнін

есіме түсірдім. Онда батып бара жатқан кеме туралы шырқалады. Қаласаңдар, соны шырқап берейін.

— Иә, иә, — деп сұрады бәрі бір ауыздан.

Осы кезде жайылымнан Филина ағай да келіп, қастарына отырды. О, Жаратушының адамға осындай дауыс сыйлағаны қандай ғажап! Онымен ешбір аспапты да салыстыруға болмас еді! Дауыстан алтынның сыңғырын, желдің ескенін, бұлақтың сыбдырын, ақжал толқындардың гуілін естуге болады.

Міне, ұйқыға кеткен аңғардан мұңды словак әнінің әуені естілді:

*Қираған, ышқынған кемеге,
Зәреңді алатын бір демде.
Аруақ — жаны жоқ денеге,
Кім қарсы тұра алар.
Молаға — тереңге ол батады,
Сықырлап, долы су өңгеріп.
Салады сұм ажал шеңгелін,
Көмек жоқ таптырмай бір ажал.
Анталап, долы су келіп қамар,
Ешқандай бұдан жоқ ем табар.*

*Бос бәрі қол жайған құлшыныс,
Тамағы жыртылған, қайғы мұң.
Бос бәрі... өкінім, күрсініс,
Бұл жерде жүрмейді, байлығың
Іске аспас тілегің сұраған.
Көлбеңдеп, туысқан келбеті,
Өтеді алдынан тізбек топ...
Ышқына айналып жер беті,
Құшпақтар дос, бауырлар, іздеп кеп,
Бірақ та табысар кім оған.*

*Қуаныш әнін ем айту жоқ,
Аттанар мәңгілік сапарға.*

*Туған үйге оларға қайту жоқ,
Айнала обыр су тек қана.*

Ол алғаш рет осы әнді қалың көпшілік алдында шырқағанда көрермендер еңіреп жылаған болатын. Бүгін оның тыңдаушылары аз, бірақ олармен бірге тау, бүкіл табиғат жылаған сияқты. Бәрінен де Филина ағай көп жылап, қайғырды. Оның қасында отырған Палко қарттың мойынын қолымен құшақтап, бірге жылады. Бала қартты жақсы түсінген еді. Бір кезде Истванько жүзіп кеткен кеме де мұхит тұңғиығына батқан, ал онымен бірге Истванько да батып кеткен еді... Олар оны бекер жіберді... Истванько ешуақытта қайтпайтын болды.

Қатысып отырғандардың ешқайсысы — жарық дүниеде әннің мазмұнын айқын беретін осы әйелдің дауысындай ғажайып бар, — деп білген де, сезінген де жоқ еді: бұл дауыстан батып бара жатқан кемеңіздің сыңыры және көмек пен құтқаруды ешқайдан күтпейтін, құтылудан бар үмітін жоғалтқан батып бара жатқандардың торыға айқайлауы естілді. Ал: «Олар әке үйіне оралмайды», — деген соңғы сөз өз құрбандықтарын жұтып жіберіп, оларды алай-дүлей тұңғиыққа жасырып жіберген, сол бір су астынан жеткен дыбыстай, барған сайын әннің тыңдаушыларға қандай әсер еткенін байқаған кезде, ол кенеттен ертеңгісін айтуды мүлде ойламаған, өзі жас кезінен білетін әрі сол кезде ұнатпаған әнді шырқай жөнелді:

*Сенем қатты: Исам менің!
Сол сеніммен жарасам.
Көкте Оны мен көре алмақпын,
Ал Көк, қандай тамаша ән!*

*Сенем қатты: сол бір сәттен,
Сәбимін мен Оның,
Табысамын мөлдір шақпен,
Сонда менің қорғим.*

*Сенем қатты: құрып бақыт
Мекен берді Ол іргелі,
Не болса да, рух шатты:
Дос, Иеммен біргемін.*

Ол әнін аяқтаған кезде көңілі босап, көзіне жас алған Филина ағай оған жақындап, жылағандығынан дірілдеп, үзік-үзік шыққан дауысымен былай деді:

Осы бір тамаша орындаушылығыңыз үшін, сізге алғыс айтамын, Славковская бибі! Алғашқы әніңіз менің жүрегімнің тереңінде жатқан жазылмаған жарамды тырнап кетті. Маған шектен тыс ауыр соқты. Ал екінші әніңіз сол жараны жазды. Иә, бұл үшін сізді Тәңір жарылқасын! Бір өтінішім бар: осы әнді бізге жазып, оны айтуды бізге үйретіңіз.

Жас әйел үйретуге уәде беріп, кешкі дұғалыққа кірісулерін сұрады, өйткені ол өзін шаршаңқы сезініп қалды. Көп кешікпей, маңайда толық тыныштық салтанат құрды. Бәрі тыныштық құшағына енді, түн өзінің жұлдызды жамылғысын жайылымның үстіне жауып жіберді.

— Тыңда, Стево, — деп үн қатты Йошко өзінің жолдасына. — Концерттен кейін тыңдаушылар аттарын доғарып, өздері Славковская бибінің экипажына жегіледі екен, — дейді қорғанда. Бұл мені ешбір таңқалдырмайды. Егер ол осылай шырқайтын болса, адамдарға не істегісі келсе, соны істеткізе алады.

10. ШЫНДЫҚ СЫРТҚА ШЫҒАДЫ

Жексенбі күні таңертең, бәрі ертеңгі тамақ ішіп отырғанда дәрігер келіп, барлық қажетті қағаздарды әкелді. Қағаздарды оқыған жас әйел Ондрейконы құшақтап жылап әрі күліп былай деді:

— Ұлым менің, енді сен: біздің жайылым, біздің табын, — деп ашықтан-ашық айта аласың. Осының бәрін мен сен үшін сатып алдым, бәрі сенікі. Бірақ мен мынаны білмеймін, біз біздің Филина ағай, — деп айта аламыз ба? Мен оны сатып ала алмаймын, ол бізде қалғысы келе ме, өзі шешсін. Одан осы жайында сұра.

— Бұл жайында сұрап керегі жоқ, — деп күлді Филина ағай. — Егер сіз бізге риза болсаңыз, біз шын көңілден қаламыз! Осылай ма, балалар!

— Иә, иә, — деп қуана мақұлдады қалған бақташылар.

Көп кешікпей Славковская бибі осы имениені сатып алды, оны Гемерский мырзадан куэландыру келісімен-ақ Ондрейконың атына аударады, мырза ұлына жол береді ғой, — деген қауесет барлық жерге тарап кетті. Оның келісімін беретініне ешкім шүбәланған жоқ.

Басқарушы мырза қызметтен кетті, өйткені оған графтың басқа имениесінен директорлық орын ұсынылды. Славковская бибі істі білетін басқарушы табуға үміттенді, ондай адам имениені тиісті тәртіпке келтірер еді. Ал қызметкерлерге ол жалақыларын көтеруге уәде берді. Бәрін ортақ қуаныш билеп алды. Тіпті қойлар да Ондрейконың өздерінің мырзасы екендігін сезінгендей, қуана секіріп, қоңырауларын сыңғыратты.

Көп кешікпей, барлық жайылымдарда «біздің бикенің әні» естілді, әнді олар: «Менің Исам, саған күшті сенемін...» — деп атады. Балалар әнді үйренгісі келгендерге қуана-қуана қайталап берді. Жаңа әнді үйренуге тілек білдірмеген словак болмады. Бәріне бұл әннің қаншалықты қымбат екенін көрген Моравец апай өздерінде Америкадан әкелген ән жинағы бар екенін Палкоға мойындады. Ондрейко үсті-үстіне өз анасынан ән салуды сұрады, анасы ән шырқады. Әр күні олар онымен бірге жаңа әндер үйренді. Олар бұл әндердің, бір кезде айтқысы келмей, бике ата-анасының ошағын тастап кеткендегі айтылған әндер екенін білмейтін.

Сол кеште Палко Киелі кітапта жазылған бір сипаттаманы оқыды, онда Иса Капернаумға барып, сонда тұрып қалды, өйткені Оны Назаретте қабылдамаған еді.

Біз бүгін де осыны көреміз, — деп қосып қойды Палко оқылғанға. — Көптеген адамдар Исаны қабылдағысы келмейді, бірақ ол Назареттің тұрғындары сияқты, ешкімді де мәжбүр етпейді. Сөйтіп, Ол кетсе, біржолата кетіп қалады. Егер біздің жайылым да Назаретке ұқсаса өкінішті болар еді, сөйтіп, Ол бізді қалдырып, Капернаумға кетпек. Иса — Нұр, Ол сондай-ақ ұлы Дәрігер! Капернаумның өзінде Ол қанша адамдарды жазды десеңші! Бірақ Ол жоқ жерде тек түнек пен қараңғылық қана бар.

Бәрі де ойға батқан күйлерінде жатуға тарады. Ондрейко қатты ұйықтап жатты, бірақ оған әрдайым апасы жылағандай болып көрінді. Таңертең оның кереуетіне жақындаған бала анасының жүзінен түнді ұйқысыз өткізгенін көрді. Ол анасын оятпастан, аяғының ұшымен басып, сыртқа шығып кетті.

Бірде Йошко бір затты беру үшін лашыққа соққан еді. Моравец апай оны кешкі аспен тойғыза сыйлады, сөйтіп, олар ұзақ сұхбаттасты. Жігіт өзінің жаңа бибісін мақтап, оның сондай ілтипатты, ізгі және сұлу екенін айтты. Кенеттен ол:

— Гемерский мырза неліктен одан ажырасып кетті? Өйткені мұндай екінші әйелді бүкіл жарық дүниеден іздеп таба алмайды ғой, — деп сұрады.

— Мырза оны тастаған жоқ, бибі оны тастады, — деп жауап берді апай тұнжырап. — Ол сұрқия адам. Бибі оны сондай сүйіп, сондай сеніп еді! Мырза бибіге үйленген кезде бибінің үлкен байлығы бар еді, бірақ ол қысқа уақытта карта ойнап, жаман істермен айналысып, оның барлық ақшасын құртып жіберді. Біз Будапештке келген кезде ақшамыз да жоқ болды. Мырза бибінің тағы да ән салғанын қалады, бірақ туыстары бұған рұқ-

сат бермеді. Бибінің әлі де біраз асыл тастары бар еді: сөйтіп ол банкіге сақтауға тапсырамын деген сылтаумен соларды үнемі алдап алуға тырысты. Шындығында ол ат жарысында ұтылып қалған екен, ал ұтылыс едәуір елеулі ақша болған. Мырза менің бибіні сақтандыратынымды байқағанда ол мені олардың арасындағы — жанжалға ұйтқы болып жүр, — деген сылтаумен бибіден аулақтатты. Содан бастап, бибінің маңында оның қамын жеп, ақыл беретін ешкім болған жоқ; барлық дәулеті ысырап етілді. Сол кезде мырзаның туыстары бибіге менмендікпен қарап, ал өзі дұрыс сөйлеспейтін болды. Бибі Америкада туған, ал ол жерде әйелге деген мүлде басқаша қарайды. Соның өзінде бибі тұтас бір жыл шыдады, өйткені ол мырзаны сүйетін! Бірақ бірде ол өзінің асыл тасты түйреуішін басқа бір бикеден көріп қалды. Сол бикеден бұл түйреуіштің ломбартқа салынып, сол жерде сатып алынғанын сұрап біледі.

Моравең апай үнсіз қалды. Осының бәрін еске алудың оған жағымсыз тиетіні көрініп тұр, барлық көрініс оның көз алдына қайтадан келді. Терең күрсініп, ол сөзін жалғастырды.

— Бибіге келетін адамдардың арасында біраз қатігездер де болды, олар қосағы тұрғысында оның бибіні қалай алдап жүргенін, оны емес, тек ақшаны сүйетінін айтып, бибінің көзін ашуға тырысты. Осы сөздер оған күшті соққы болып тиді. Содан кейін бибі онымен бірге бір сәтке де бір үйдің ішінде қалғысы келмеді. Сөйтіп, ол өз заттарын жинастырып, ұлын алды да Венаға қашып кетті. Мен ол жерден оны ауыр науқас күйінде таптым. Бибі Гемерскийден өз мүлкінің бір бөлігін талап етті. Ол болса ұлды алуға талап қойды, бибі ұлынан айырылғысы келмеді. Ұлын өзіне алып кетпеуі үшін ол оны Эрцгебиргтегі менің жанұяма әкелді, онда ұлына жақсы қамқорлық жасалды және бала толық қауіпсіздікте болды. Гемерский сотқа шағым берді, сот

аяқталған соң, әкесіне тиісті, — деп шешкендіктен, баланы бізден алып кетті. Анасы — мырза өзіне заттарын қайтарғанша, баланы оған бергісі келмеді. Мырза болса, оған аздаған, ең бір қажетті киімдерін ғана беріп жіберді. Бикенің ең әдемі қымбатты заттарын Гемерскийдің туыстары өзара бөлісіп алды. Менің бибім еш жерден де қолдау таба алмады. Оның мұқтаждықтан шығуына әлі де Америкада тұрып жатқан нағашысы көмектесті. Ол өзінің ұлы үшін едәуір төлем жасай алар еді, сондықтан біз әуелі Берлинге, содан соң Румға, ал ол жақтан Парижге аттандық. Ол аздап ақша табу үшін, сондай-ақ, өз беделін қорғау үшін, өйткені ол жөнінде Гемерский жаман қауесеттер таратқан екен, қайтадан ән шырқай бастады. Содан соң біз Англияға, ақыр соңында, Ресейге келдік. Ол онда жақсы тұрды. Егер ол қаласа, бай княгиня болар еді, бірақ ол енді еркектерге қараған жоқ. О, оның ықыласын жаулап алам, — деп тырысып, мырзалар не бермеді дейсің! Бірақ ол оларды батыл түрде тойтарып тастап отырды, ал олар болса, оны онан сайын қинап, азапқа түсірді. Бибі бұдан әрі бұлай өмір сүруге шыдай алмады. Оның бір ғана тілегі болды: бұл — өз баласын өлім алдында көру еді. Біз оны көп іздеуімізге тура келді. Ол қатты науқастанып қалды, осы кезде Құдайдың қалауымен көмекке біздің қымбатты қарт дәрігер келді. Дәрігер оны осында әкелді. Оның Гемерскийден кеткені енді саған түсінікті ғой.

— О, бұл Гемерский деген неткен оңбаған еді! Ол бибіні қалай алдап, тонаған десеңші! — деп ызаланды Иошко. — Егер біреу-міреу тауық немесе қаз ұрласа, онда бірден түрмеге отырғызар еді, ал мұндай мырзаға бәрі кешіріледі! Бірақ байғұс әйел енді мырзаны сотқа беруге тиісті, сонда ол бәрін қайтаруға міндетті болар еді.

— Әрине, ол оған бәрін қайтаруға тиісті, бірақ бибі мұны қаламайды. Өйткені оны ақша қызықтырмайды. Мырзаның оған бала тұрғысында ешқандай қиыншылық

туғызбауы үшін, мен өзіміздің адвокатқа асыл заттар туралы жазып, егер мырза өз еркімен бибіге ұлын бергісі келмесе, сотпен сес көрсетуіне кеңес бердім. Бірақ менің бибім бұл жөнінде білмеуі керек. Адвокат — біздің жақсы досымыз, ол бұрыңғы адвокаттай емес, адал адам.

Иошко Моравец апайдан естігенін, әрине, басқаларға да айтып берді. Көп кешікпей, еңбеккерлердің бәрі Гемерский мырзаның қандай адам екенін және не істегенін білді. Мырза олардың көз алдында құлдырап, олар үшін қожайын болудан қалды. Бәрі де оның әйелі жағына шықты, оның аққа жағылған қарадай сенім хат алуына, баланың анасына тиісті екендігіне және әкесінің бұған ендігі жерде ешқандай құқы жоқ екендігіне үсті-үстіне тілек білдірді. Барлығы да оған ілтипатпен және достық сүйіспеншілікпен қарады, әйел болса, хабарды күтіп, мұңды және ой үстінде жүрді. Тек ол балалардың қоғамында ғана аздап көңілдене түсті.

Сондай-ақ бақташы лашығының басқа тұрғындары да жиі ойланып қалатын болды. Олар енді баланы алу үшін Лезинаның, Палконың әкесінің келетін күндерін есептей бастады. Ондрейко бұл жөнінде анасына хабарлаған кезде, ол құп-қу болып, қатты қорқып кетті. Палко оларды бір күні тастап кетеді, — деген ой оның басына да келмеген еді, тіпті оның бұл жерде болмауын көз алдына елестете де алмайтын.

Келесі күні Палко оны лашыққа дейін шығарып салды.

— Палко, — деді ол оған қарап, қолынан ұстап, — сен бізден кеткің келе ме?

— Иә. Келесі аптада менің әкем келеді, — деді ол байсалды пішінмен. — Бірақ біз ағаш өңдеу үшін бірнеше күн қаламыз, содан соң барып, кетеміз.

— Сен үйіңе қуана қайтасың, рас емес пе?

— Өте қуана, — деп мойындады ол ашықтан-ашық. — Мен енді бірнеше аптадан бері өз анамды, атамды,

әжемді және басқаларды көрген жоқпын, оның үстіне, олар да мені көптен көрген жоқ. Олар менің келгеніме қуанып қалар еді, егер бәріміз тағы да кездесетін болсақ, мен одан әрі қуанамын.

— Саған өз жолдастарыңмен айрылысу қиын емес пе? Сенен айрылысу туралы сол бір ойдың өзінен олар қазір жылап-сықтап қалады.

— Әрине, қиын. Филина ағайды мен де сағынамын. Мен оны дін қызметкері Малина мырза сияқты жақсы көремін. Мен ағайдың дені сау болып және ауырмағаны үшін Тәңірге соншалық алғыс айтамын. Ол өз таныстарының бәріне Иса Мәсіх туралы айғақ бере алады. Бірақ мені бір нәрсе күйіндіреді, апай: сіздің Иса тұрғысында қандай көзқараста болғаныңызды білместен, мен сізді тастап кетуге қимаймын! Сіз бізге сондай тамаша әндерді үйреттіңіз. Мен енді бүкіл өмірімде сізге алғысымды айта беремін. Сіз аспаннан ұшып келген періште сияқты әнді ғажап шырқадыңыз!

Сәл кідіріп, Палко былайша қосып қойды:

— Бірақ не жөнінде шырқағаныңызға сіздің жеке өзіңіз сенбейсіз. Сондықтан егер мұның өзі маған ауырлық пен күйініш туғызса, онда бұл Исаға да соншалық ауыр емес пе? Кеше сіз: «Мен Исаның қолындамын, мен Оның кеудесіндемін, Ол Өзінің маған деген сүйіспеншілігімен мәңгілік тыныштық бер, — деп бізге шырқап бердіңіз. Сіз өз өміріңізде көптеген зұлымдық көріп, жиі-жиі мұңға баттыңыз. Иса сізді жұбата алар еді. Бірақ егер сіз Назареттің тұрғындары сияқты, Оған кетуге мүмкіндік берсеңіз, Ол біржолата кетіп қалады, ал сіз Оны жоғалтып, бүкіл өміріңізде жападан-жалғыз қаласыз. Сіздің әкеңіз бар және ол да Исаға тиісті, — деп Ондрейко айтқан еді. Сол сияқты Ондрейко да Исаның қойы болып табылады; олардың екеуі де бір тамаша күні Исаға барады, ал сіз жападан-жалғыз қаласыз...

Палкoның көздері жасқа толып кетті.

— Жылама, — деді толқыған бике, — мен Назареттің тұрғындарына ұқсағым келмейді. Мен тар жолмен қуана жүрер едім, бірақ оны әлі таба алатын емеспін. Мен Құдайдың қабылдауында болуым үшін айрықша күнәкармын. Әзір менің жердегі әкем кешірмей тұрғанда мен Құдай жүзін іздей алмаймын.

Осымен әңгіме аяқталды. Олар өздеріне қарсы келе жатқан Моравец апайдың мүлде құп-қу жүзін көріп, отырғыштың жанында тоқтай қалды.

— Хабаршы телеграмма әкелді, мархабат, оны алғаныңызға қол қойыңыз.

Жас әйелдің аяғы шалынысып кетті. Ол отырғышқа отырып, қағазға қол қойды да, апайға берді. Содан соң телеграмманы ашты. Оның көзінің алдындағының бәрі бұлдырап кетті. Ол телеграмманы балаға ұсынды.

— Палко, естіртіп оқы!

Сөйтіп, Палко: «Нью-Йорк. Кемеге отырдым. Саған барамын. Өзіңді сүйеші әкең», — деп оқыды.

— Шынымен, осылай жазылған ба, Палко?

— Иә.

— Ой, менің әкем! Менің қымбатты әкем! Ол бізге келеді, ол мені сүйеді, сондықтан мені кешіреді! Палко, маған көмектес, бұл мен үшін тым қымбат хабар!

Әйел тізерлей отыра қалып, бетін қолдарымен жапты. Палко болса ақырын сиыңды:

«Иса Тәңірім, Саған алғыс айтамын, ол келе жатыр, ол оны кешірген және қызын жақсы көреді. Бірақ ол әлі алыс, ал Сен осындасың. Ол сенен кешірім сұрағанда, Сен оны кешіресің, өйткені Сен одан да гөрі көбірек сүйесің ғой. Аумин».

«Өмір мен өлім — тіл билігінде». Палкoның сөздерінде өмір бар еді. Иса шын мәнінде өздерімен бірге болып, енді Ол оған да келді, — дегенге әйел сенді. Бір кезде ол Одан қашып еді, енді оның ешқашанда қашқысы кел-

мейді. О, жоқ! Ол Оған қарсы күнәға батқанын сезді; ол Одан кетіп, құру жолына түсіп, қарсыласты; Ол бұған қарсы Өзінің жаралы қолдарын созған кезде ол Оны менсінбеді. Ол бұл әндерді жаратпай, Оның даңқына арнап, шырқағысы келмеді. Ол адамдар үшін шырқағысы келді, ал олар мұның жүрегін жарақаттады. Құдайды менсінбеген өзі болса, Ол тағы да бұған момақан келді. Ол әйгілі уағызшыларды тыңдағысы келмеді, Ол сонда оған уағызшы баланы жіберді, ал бұл бала оны ізгі Бақташыға әкелді, сөйтіп, ізгі Бақташы оны қабылдады.

Славковская биби ағылшынша сиынды, сондықтан Палко оның не жайында сиынғанын түсінген жоқ. Бірақ оның дауысынан бала Иса Тәңірдің онымен бірге болғанын және әйелдің Онымен сұхбаттасқанын естіді. Палко енді тек Иса Мәсіх пен әйелге ғана тиісті болатын жерден ізгі тілекпен ұзай берді.

11. ТАБЫСУ

«Ертеңгі күніңді мақтан етпе, өйткені ол күннің не әкелетінін білмейсің», — дейді Құдай Сөзі. Бұл дұрыс та. Бақташы лашығында да ертеңгі күннің Ондрейконың анасына ауыр науқас әкелетінін ешкім білген де, болжаған да жоқ. Дәрігер өте алаңдап жүрді. Сүйікті әкесінің келуі туралы күтпеген хабар оны толқытқаны сондай, ол жүйке күйзелісіне ұшырады, — деп ұйғарды дәрігер. Тек Палко мен Филина ағай ғана бұл күйзеліске не себепші болғанын білді, сөйтіп науқас үшін жиі сиынды. Әйел болса, ешкімді таныған жоқ және жұлып алынған тамаша гүлге ұқсап кереуетте сұлқ жатты. Ондрейко онымен бекерге сөйлесіп, бекерге сипап, сүйіп әуреленді. Ол балаға қарағанымен, оны таныған жоқ. Баланы тек бір ғана нәрсе жұбатты: әйелдің жүзі ұйық-

таған немесе ояу жатқан кезінде қуаныш пен бақыт күйін білдіретін еді. Кейде ол Құдайдың Құрбандығының құрметіне арналған ғажайып әнді, енді бірде апатқа ұшыраған кеме туралы балладаны шырқап жіберетін. Сөйтіп, ешбір өзгеріссіз екі апта өтті.

Сол кезде Палконың әкесі бір қажетті заттардың қамымен келіп, тағы да кетіп қалды. Палконы ол бұл жолы да өзімен бірге алып кеткен жоқ. Әкесі бұл айырылысудың Ондрейкоға қиын соғатынын білді де, оны күйзелткісі келмеді. Бала ұясынан айырылып, қорыққан балапанға ұқсап, өзінің ересек жолдасының бауырына жабыса түсті. Егер оның сенімді досын алып кетсе, ол да ауырып қалар, — деп дәрігер қауіптенумен болды, сондықтан бикеге қалай жақсы болысымен, баланы жеке өзі апарып, үйіне жеткізетіндігіне ағай Лессингке уәде берді. Лезинаның Палконы алып кетуге батылдығы жетпеді, өйткені науқас тек соны ғана танитын. Ол әйелге Киелі кітапты оқыған әр сәтте биі балаға қарап, оның оқығанын ұйып тыңдайтын және мұнымен сөйлеспесе де, ол қатысып отырса, үнемі тыныш және бақытты күйде болатын.

Осы кезде Париждан жауап келді. Бірақ қазірден бастап, өзінің жанында жүзі қуарған және жүдеу күйде отырған Ондрейко бүтіндей өзіне тиісті екенін және оған ешкімнің де құқы жоқтығы байғұс әйел білген жоқ. Сол сияқты ол әкесінің Гамбургке аман-сау келгенін және сенбі күні осында болуы тиісті екендігін де білген жоқ. Филина ағай ауру төсегінің жанында телеграмманы ұстап, қайғыға батып тұрды, ал Моравец апай еңіреп, жылай берді.

— Біз не істейміз? Оның әкесі алыстан келеді және болған жайдан ештеңе білмейді. Егер ол өзінің телеграммасы қызын соншалықты күйзелткенін, сондықтан оның осындай жағдайда жатқанын білсе, қайтер еді? Ресейдің өзінде дәрігерлер — бір тамаша күні оның

жүйкесі үзіліп кетеді, — деген еді. О, байғұс! Әкесі қызын қуантқысы келді, ал болған іс мынандай!

— Бәрі Құдайдың ісі, — оңына бастағаны болар, — деп жауап берді Филина. — Алаң болмаңыз; мен оны қарсы алып, оны мұнда не күтіп тұрғандығына дайындармын.

— Филина ағай, мені де атамды қарсы алуға өзіңізбен бірге ерте кетіңізші, — деп сұрады Ондрейко түскі астан соң, ағай жүруге жиналғанда.

— Мен жаяу жүремін, бұл саған өте алыс, балақаным, — деп жұмсақ жауап берді ол. — Апаңның қасында болып, атаңды осы жерде күт. Стансадан мен экипаж аламын да, кешкі сағат сегізге жуық біз тиісті жерде боламыз.

Ағай баланың бетінен сүйді, содан соң біраз уақыттан кейін оның биік тұлғасы орман жынысының қалыңына сүңгіп кетті. Ол жолды қысқартып, тек өзіне ғана мәлім соқпақпен жүріп келеді. Ол стансаға баратын даңғыл жолға шығам дегенше, екі сағатқа жуық уақыт өтті. Ол шығыс жаққа қарап, кенет тоқтай қалды, тік құлама құздың үстінде жуырда ғана жаңартылған ескі айқыш ағаш көтеріңкі көрінді. Иә, сол естелік!... Оған өзі тағы да 19 жасар жас жігітке айналып кеткендей көрінді. Оны айқыш ағашқа жақындап, соған сүйеніп, төменге қарай, бір кезде Истванько кетіп, енді қайтып оралмаған сол соқпаққа қараудың ынтызар тілегі биледі. Ол батып бара жатқан кемемен бірге дүлей судың құшағына көміліп кетті. Филина ағай осы тілегіне қарсы тұра алмады. Бірнеше секундтан соң ол айқыш ағаштың қасына жетіп, оның етегіне құлады. Тіл жетпейтін жүрек азабы оның күнәға кешірім алу сенімін ұрлап алғысы келгендей билеп алды. Кенет оның маңайынан бәрі ән шырқап кеткендей болды:

*Сенем қатты: Исам менің!
Сол сеніммен жарасам.*

*Көкте оны мен көре алмақпын,
Ал көк, қандай тамама ән!*

*Сенем қатты: сол бір сәттен,
Сәбиім мен Оның,
Табысамын мөлдір шақпен,
Сонда менің қорегім.*

Иә, Иса Мәсіх мұның бүкіл күнәсін айқыш ағашқа шегелеп, оны кешіріп, оны Өзінің қасиетті қанымен жуып жіберді. Ендеше ол мұнда неге тұр? Онда, лашықта өлім мен өмірдің арасында Ондрейконың шешесі жатыр. Оның әкесі мұхиттың арғы жағынан өз нәрестесіне келген, сондықтан оны қарсы алу керек.

Филина тізерлей түрегелді де, шаңын қағып, айқыш ағашты тағы бір рет құшақтап, баяғы замандағыдай алдына көз тастады.

Осы кезде Филина алдынан қалаша киінген, бір кезде өздерінің лашығы тұрған соқпақты бойлай, көтеріліп келе жатқан еркектің сымбатты тұлғасын көрді. Бірақ лашықтың орнын мұңды көрініс басқан: барлық жерге шөп бойлап өскен, тек өрттің қалдығын ғана көруге болады. Бейтаныс адамның жүзін мұң торлаған. Ау, мынау жүз! Жарық дүниеде ұмытылмайтын, бірақ бұдан едәуір жас бір ғана жүз бар еді!

Филина көзін жұмды да, оны жақындап қалған қадам дауысы естілгенде ашты. Басын көтеріп, жоғары қарағанда, ол бейтаныс адаммен бетпе-бет келіп қалған екен.

— Қайырлы кеш! — деп сәлемдесті онымен бейтаныс жан.

— Истванько!... деген сөз Филинаның аузынан шығып кетті.

— Петір! Бұл сенсің бе?! — деп ол Филинаны құшақтады.

— Истванько! Сен тірі ме едің? Шынымен-ақ па? Бұл мүмкін емес!

— Мен тірімін, Петір! Сөйтіп... ақыр аяғында, мен де келдім-ау. Рас, кеш, бірақ мен ұзақ уақыт бойы бізді айырған «қымбатты жанның» мәңгілікте екенін білмедім. Менің оған да, саған да күйініш туғызғым келмеді еді. Енді мен — сенің маған сақтаған өзімнің «қазынамды» алуға келдім.

— Сенің «қазынаң ба?» — деп таңқалды Филина ағай; ол ғажайып түс немесе елес көріп тұр ма, осының бәрін әлі түсінбеген еді. Ол баяғыдан естімеген осы бір дауысқа рақаттанбай тұра алмады. Истванько қартайған, аздап өзгерген, бірақ музыка сияқты үн шығаратын сол бір дауысы қазір де сондай.

— Біз Славковская бибинің әкесін күтіп жүрміз, мен соны қарсы алуға барамын, — деп түсіндірді Филина.

— Ол мен ғой.

— Сен Истванько емесің бе?! Мұны мен түсіне алмай тұрмын...

— Иә, ол менмін, Петір! Бірақ сен қалай өзгеріп кеткенсің! Сен біздің тамаша тауларымызға ұқсап, сондай мықты әрі қуатты болдың. Мен сені дауысыңнан және қою қастарыңның үстіндегі бүркіт көздеріңнен болмаса, ешқашан танымас едім, оның үстіне мені ешкім бұл есіммен атамаған болатын.

— Истванько, өзіңнің тірі қалғаныңның қалай болғанын айтып берші! Ол кеме батып кетіп еді ғой.

— Иә, Петір, ол батып кеткен. Бірақ басқа кеме құтқарып алған аздаған қоныс аударушылардың ішінде мен де бар едім. Құдай күнәкардың өлімін қаламайды, сөйтіп, Ол мені де құтқарды. Менің Америкадағы алғашқы жұмысым Славковская мырзаның фермасында болды. Менің қызым маған өзінің біз туралы бәрін саған айтқанын жазды. Сонымен, Славковский мырзаның менен нені өтінгенін білесің. Сөйтіп, мен оның еркін орындадым. Жанұямның жағдайына байланысты менің тірілердің қатарына қалғым келмейтінін тілейті-

німді білген кезде ол менің тектүбімді өзгертіп, өз есімін қабылдауыма, сөйтіп, осы арқылы жер бетінен жойылып кетуіме кеңес берді. Сөйтіп, Истванько Прибылинский осылай «өліп», Стефан Славковский пайда болды. Біз екеуміздің ұйғарғанымыздай, үйге қайтып, сендермен тұруға мен бара алмадым. Ивка сенің әйелің еді, ал мен оны сүйетін едім. Оның үстіне, ол кезде мен Оны қазіргі білетінімдей, Құдай мен Иса Тәңірді білмейтінмін, сондықтан Оның қасиетті Өсиеттерінен де ештеңе түсінбейтін едім. Егер біз бәріміз бірге тұрсақ, бір ғана нәрсені, — біздің бәріміз үшін күнә қауіпті болатынын ұқтым, сондықтан да мен — сендер үшін «өлгенім» дұрыс болар, — деп ойладым.

Истванько үнсіз қалды, ал Филинаның кеудесінен қатты ыңырсыған үн шығып кетті.

— Сен біз үшін «өлі» болғың келді, ал мен болсам, күні кешеге дейін Қабыл сияқты кісі өлтіруші болғаныма азаптанып жүрдім.

— Сен бе? Неліктен?

— Мен сені Америкаға қоныс аударуға мәжбүр етіп, екінші рет суға батырғандай көріндім. Ивка сені қатты сүйетін, мен болмасам, сендер бақытты өмір сүретін едіңдер, бір-біріңе де сондай тең едіңдер. Ол менімен бірге қайғыдан солып тынды. Менің әкем де кешікпей өлді. Шешемді мен өле-өлгенше күттім, бірақ оған мен сені алмастыра алмадым. Біздің лашық тұрған анау өртенген жерді көріп тұрсың ба? Біз онда бір кезде бақытты тұрып едік қой. Мен әскери қызметке кеткенімде бәрін көршіге жалға бердім. Ол лашықты күткен жоқ, сондықтан ол дым қалмай өртеніп кетті. Мен қайтадан тұрғыздадым, оның үстіне тұрғызғым да келмеді. Неліктен дейсің ғой? Мен жарық дүниеде жападан-жалғыз қалдым.

Маңай тыныштық еді. Екі туысқанның жүректеріне не болған? Ақыр аяғында Истванько тыныштықты бұзды.

— Кешір мені, Петір, — деді ол. — Менің сендерден жасырынғаным мен тарапынан дұрыс болған жоқ, сол арқылы сендерді көп қайғыға ұшыраттым. Мен сені біздің тамаша тауларымыз арасында балаларың мен Ивканың қоршауында — бақытты өмір сүріп жатыр, — деп елестеттім, сөйтіп, өзімнің күншілдік сезімім мен қызғанышымды әрі арсыз тілегімді жеңе алмадым. Шынында сен жалғыздықтан жапа шегіп, жанұялық бақытқа ұзақ рақаттана алмаған екенсің. Өзімнен хабар білдірмеуім жақсы болмады. Бірде маған әкемнің өлімі туралы хабар жеткенде мен анама хат жазған болатынмын, бірақ оны жібермедім. «Адамның қуланған жүрегі шектен тыс бұзылған», — делінген ғой Құдай Сөзінде. Мен тірі және денімнің сау екендігін сендерге хабарлауға тиісті едім. Өзімнің үнсіз қалуымның салдарынан саған адам айтқысыз азап келтірдім, оның үстіне, анама да өлім соққысын бердім. Бірақ менің жалғыз нәрестем мені тастап кеткенде мен мұның төлемін жасадым; міне, енді он жылдан кейін дерлік, ақыр соңында, оны осы жерден таптым.

Осы кезде өзіне-өзі келген Филина селк ете түсті.

— Жүрейік, Истванько, біз бұдан әрі кідірмеуіміз керек, әйтпесе тым кеш қалуымыз мүмкін.

Олардың екеуі де тұрды.

— Менде төменде экипаж тұр. Көшір аттарға азық беріп жатыр, аттар енді дайын болуы керек. Жүрейік, біз жол бойында әңгімемізді жалғастыра аламыз.

Сөйтіп, екі бауыр өздерінің туған тауы мен аңғары арқылы бірге жүріп кетті; бұл жерге олардың бауыр басқаны сондай, біреуі отанға деген сағыныштан шырақ құсап, сәл сөнбей қалды, ал екіншісі болса, онсыз өмір сүре алмайтын еді. Бірақ дәл осы сәтте олардың екеуінің де бұл сұлулыққа көңіл бөлуге мұршасы болмады. Истванько енді өз қызының қандай жағдайда екенін білді, бұл жерде тек Ізгі Бақташы ғана Өзіне оралған ауру қойды құтқара алады.

Ол өмір күресінде сынып кеткен өзінің Мариамын көрді, оның сұлу дидарынан ол өз сәуегейлігінің ізін оқи алатын... Батып бара жатқан күн осы бір «солған гүлге», сондай-ақ, тізесін бүгіп, басын төмен салбыратып, қолын айқастыра дұғалыққа бұйып отырған әкеге жарығын түсіріп тұрды. Ешкімнің де оның күйзелісін, оның дұғасын бұзып жіберуге батылы бармады. Кенет жас келіншек көздерін ашып, көзқарасын терезеге бағыттап шырқап жіберді:

*Құтқарушым Құдай Ұлы,
Құшағыңды аш, жасқама.
Жебеушім бол құдайы ірі,
Орта жолда тастама.*

*Сенем жалғыз саған ғана,
Саған ғана берілем.
Ұғам, Иса, алаңдама,
Мәңгіліктің Сенімен.*

Оның әкесі ақырын жылап жіберді, басқалары да жылады. Міне, ән де тына қалды... Ауру көзін терезеден алып, өзінің басына үңіліп тұрған адамның жүзіне зер сала қарады.

— Мариам, менің сүйіктім, шынымен-ақ мені танымайсың ба? — деп сұрады әкесі нәзік үнмен еріндері дірілдеп; сүйе білетін әке ғана өз нәрестесіне осылай дер еді.

Оған қадалған қызының көздері мелшиіп қалған тәрізді. Бөлмеге кірген дәрігер ауру бағытына қарап қорқынышты қимыл жасады, бірақ кеш қалған еді. Аурудың жүзі қараңғы түнді алмастырып, таудың үстінен көтеріліп келе жатқан ертеңгілік шапақтай кенет нұр жайнап кетті.

— Әкем менің! Менің көкем! — Ол кереуетте түрегіліп отырып, оған қолдарын созды. Әкенің күшті қолда-

ры ұстап қалмаса, ол дәрменсіз қалпында жастыққа қайтадан құлап қалған болар еді. — Сен келдің бе? Сен кешірдің бе? Сен мені әлі жақсы көресің бе? Иә, үйге кетейік! Үйге... Жат жерде енді қалғым келмейді. Мен енді қашпаймын. Иса Мәсіх маған аяушылық жасады. Ол мені қабылдады... Менің енді өлуіме болады! — деп сыбырлады әйел әкесінің сүйгеніне ақырын жылап, жауап беріп.

— Құдайым, сақтай гөр! Енді өлудің сәті келмес! — деп үзіп жіберді дәрігер. — Сіз өзіңіздің Ондрейкоңызды атасына көрсеткен жоқсыз ғой!

Осы сөздерден ол өзіне жаңа күш ағынының құйылып жатқанын сезді.

— Менің Ондрейком! — деп айқайлап жіберді, ол қолдарын созып баланы іздеді. — Мұнда жақында, сенің атаң келді. Біз оған «кел» дегенге тұрмасақ та, оның өзі келді!

Көзді ашып жұмғанша Ондрейко өзін бауырына басқан атасының құшағынан шықты. Ол өзінше атасын — сақалы аппақ қарт, — деп ойлайтын, ал оның сақалы да жоқ екен, оның үстіне, ол біршама жас және ажарлы адам екен! Бала өзі бұрын білмегенді: сүйікті болу рахатын сезді. Өзін енді қорғайтын адам бар және өзі қауіпсіз болды, — дегенді сезінуден баланың мұңды жүрегі қуанышқа бөлгенді.

12. ҰЛЫ ЖОСПАРЛАР

Иә, жарық дүниеде қандай таңқаларлық нәрселер болмайды десеңші! Гемерскийдің жайылымында да осындай жағдай болды. Округте Филина ағайдың әкесін жақсы білетін және әлі ұмытпаған адамдар бар еді. Оның ұлдарының біреуін Америкаға аттандырып, екін-

шісін үйлендіргім келеді, — дегенін олар әлі ұмытпаған еді. Ал Америкадағысы ауыр күнге арнап, бірдеңе жинай қалса, онда ол оралған соң бәрі бірлесіп бір үйде тұрмақшы болғанын да білетін. Олар кеменің апатқа ұшырап, сонымен кеткен Истванькодан бұдан әрі ешқандай хабар келмегенін де ұмытпаған еді. Енді міне, керемет! Отыз жыл өткен соң Истванько Прибылинский қызы мен немересін алып кету үшін, дегенмен де, үйіне қайтып оралды. Бірақ енді, сүйікті словак тауларының ауасын жұтқан соң, ол мұхиттың арғы жағына қайтадан қайтар ма екен? Шынымен-ақ ол осы жылдар ішінде қуғын көруші сияқты болған жоқ па екен? Ол өте жақсы өмір сүрді, бірақ өзін ешуақытта да үйіндегідей жақсы сезінген жоқ. Иә, отаныңда қандай тәтті ұйықтайсың, десеңші!

Ал Истваньконың келгенін білген кездегі үш достың таңқалысын кім сипаттап берер екен! Мұны білген Палко өз қуанышына жылап алу үшін орманға жүтіріп кетті. Оның оған Истваньконы сау-саламат қалпында оралтып, Филина ағайды біржолата тыныштандырғаны үшін бала Құтқарушыға алғыс айтты. Палконың енді бір қуанышы, бір көргеннен жақсы көрген, әрі оның аузынан Құдай Сөзін естіген Истванько ағайдың аяғының жанында Ондрейконың енді отыра алатындығына ол бұдан да гөрі қуанды.

Ондрейко болса, Филина ағай мен Петір өзінің туысқандары болғандығына бақытты болды. Балалар қуана құшақтасты: өйткені олар немере ағайындар ғой!

— Мен бірден өзімді үйдегідей сезіндім, — деді Славковская биби, — ал сізді Филина ағай туған қызыңыздай жақсы көріп кеттім.

Кейінірек Истванько өз қызына былай деді:

— Өзім жөнінде туыстарыма хабар бермегеніме өте қайғыратын едім. Енді, міне, Америкадағы мені осындағы Петірмен кездестіріп, Иса Тәңірдің өз сүйіспенші-

лігімен бәрін қайырымдылыққа айналдырғанын көріп тұрмын. «Оның үстіне, Оның қалауы бойынша шақырылған Құдайдың сүйіктілері үшін де бәрінің оңға бастағандығын көріп тұрмыз; өйткені Ол кімді алдын-ала анықтаса, соны Өз Ұлының бейнесіне ұқсас (болатын) етіп белгіледі, мұның себебі, Ол көптеген туысқандарының арасындағы тұңғышы болғандықтан; ал кімді анықтаса, соны шақырды; ал кімді шақырса, соны ақтады; ал кімді ақтаса соны мадақтады» (Рум. 8:28-30).

* * *

Филина өз бауырына Ондрейконың иелігін көрсетті. Жас әйел мүлде сауыққан кезде бәрі де қорғанға кетті. Сондай-ақ, Палко мен Петір де шақырылды. Балалар атай Америкадан әкелген доптармен паркте ойнады. Әйел жатып алып, балалардың ойындарын бақылады; оларды қуанышты әлі көңілді көру оған жағымды көрініс еді. Анда-санда оған Ондрейко жүгіріп келіп, аймалай сүйіп алатын, содан кейін тағы да жолдастарымен ойнауға жүгіріп кететін. Бір кездегі осынау кішкентай, тастанды жүректің қуанышын кім сипаттай алар екен?!

Осы кезде басқарушы, Славковский мырзаға шаруашылық қора-қопсыларын, малды, жайылымды көрсетті. Славковский мырзаның ауылшаруашылығын жақсы білетінін басқарушы да байқады.

Бұл арада қорғанда салтанатты түскі тамақ дайындалған еді. Дастархан каштан ағаштарының көлеңкесінде жасалды. Тағам бір кезде менмен биби фон Гемерскийге тиісті болған қымбат әдемі ыдыспен берілді. Қорған бүкіл мебелімен, ыдыс-аяғы және басқа да мүліктерімен сатып алынған еді. Бәрі де дәмді дайындалған тағамдар мен көптеген тәттілерді мадақтай отырып, қызу қуанышқа кенелді. Ондрейко біресе ана дәмді, біресе мына дәмді ұсынып, өз достарына қуа-

нышты көңіл бөлді. Тек жалғыз Славковский мырза ғана сәл ойлы қалыпта еді. Ол ортақ әңгімеге қатысу үшін өзіне ерекше күш жұмсады.

Балалар өз ойындарына кіріскен кезде өзіне басқарушының екі ұлын шақырып алып, Славковский мырза елеусіз шығып кетті. Ол қалың каштан гүлзарымен жүріп келе жатты. Осы жерден бір кездегі тамаша, бірақ қазіргі сәтте мүлде азып, жабайланған бақтың бір бөлігі жақсы көрінді. Көп кешікпей оны Филина қуып жетті.

— Сен бірдеңеге қайғырып жүрсің бе, бауырым? — деп сұрады ол Истванькоға уайымды пішінмен қарап. — Бәрі толық құлдырауда және иесіздікте болғандықтан, бізді қорғанға артық төледі, — деп ойлайсың ба?

— Бұлай деп ойламаймын, Петір. Керісінше, осының бәрінің бүлінгеніне қарамастан, бұл қымбат емес, — деп жымыып жауап берді Истванько.

— Маған сен бірдеңе ойлап келе жатқан сияқты көрінесің.

— Мені бір жағдай қапаландыруда, Петір: Мен мұны саған айта аламын, бірақ бұл өз арамызда қалсын! Менің қызымның әлсірегендігі соншалық, мен оны Америкаға алып кете алмаймын. Мұнда біздің ескі жұртымызда ол тезірек сауығып кетер. Сондай-ақ, менің немерем де Америкаға кете алмайды, оған осындағының өзі бүкіл өмір бойына жетеді. Бірақ менің қызым осы жердің толық қожасы болған кезде, оған басқарушы керек болады, ал адал адамды табу өте қиын. Осы жерде мен былай ойладым: Европадағы фермада да жұмыс істеп кете алатын, әлі біршама жас әкесі тұрған кезде оған жат адамды жалдаудың қажеті не?

— Мен қандай қуаныштымын, Истванько! — деп қуана дауыстап жіберді Филина.

— Иә, бірақ әлі де бір үлкен кедергі бар. Америкадағы ферма менің атыма жазылған, Адальберт жездеме мен өзінің тиісті үлесін төлеймін, бірақ менің қымбатты

жарым Америкада туған. Ол өз отанын тастап, жат жерге кетуге көнер ме екен? Мен ең алдымен, бәрін соған жазуға тиістімін, ал егер ол көнсе, біз сонда ғана келеміз. Біз Америкадағы өз фермамызды сатып, қаржысын осында жұмсар едік. Біздің бәрімізді асырау үшін оның қаржысы жетеді. Мен басқарушы ретінде өзім мен Агнесімді асырай алатындай ақы да табамын. Оған демалатын кез келді, әйелім бүкіл өмірі бойына көп еңбектенді.

— Сенің жарыңның жүрегіне Ол бағыт беріп, келісін алуың үшін мен күндіз-түні Тәңірден сиынып, сұрайтын боламын, — деп сендірді Филина. — Сенің осында болуыңды қатты қалаймын, біздің маңайымызда әлі қаншама түнек бар. Исаны көптеген жандар білмейді әрі ол жандар жайында ешкім қам жемейді. Егер Палко бізден кетіп қалса, біздің не істейтінімізді мен көз алдыма ешқандай елестете алмаймын; ал сен оның орнында болар едің.

— Олай бола қоймас, Петір. Тәңір Палко арқылы айрықша қызметшіге ие болды. Бұл балдырғандағы қабілет менде жоқ. Бірақ оның есесіне менің өз Тәңіріммен ұзақ жыл қарым-қатынас жасаудан тәжірибем бар. Соңғы он жыл бойғы азап мені Тәңірмен өте жақындатты, өйткені Ол: «Сенің қайғыңды білемін», — деді ғой. Мұндай ой менде көптен бар, сондықтан Мәсіхтің айғағы болу үшін мен осыған ұмтылудамын. Сондай-ақ, осының өзі мені өзімнің тамаша отаныма тарта түседі. Сондықтан менің Агнесім келіседі, біз тағы да осында келеміз, — деп мен үміттенемін. Сол кезде біздің әкеміздің: «Истванько сол жерден ақша жинап, үйге қайтып келіп, бірлесіп шаруашылық жүргізеді...» — деп айтқан сөзі орындалады. Сөйтіп, егер тіпті бәріміз тірі болмасақта, біз екеуміз осындамыз ғой. Егер Тәңір мүмкіндік беріп, біз мұнда келетін болсақ, менің бірінші істейтін парызым не екенін сен білесің бе?

— Ол не?

— Мен өзіміздің лашығымызды қайтадан тұрғызымын, сөйтіп, үйдің қираған орыны болмайды. Біз оны Петірге сақтаймыз. Ол өскен кезде сен оған тағы да шамалы жер бересің, ал әзірге біз оған бірігіп қамқорлық жасаймыз.

13. ОЛ БӘРІН ЖАҚСЫЛЫҚҚА БАСТАДЫ

Кейде күндер ай сияқты, ал апталар түс сияқты зымырайды. Осындай күндердің бірінде Филина ағай Палконы үйіне апарып тастады. Бәрі де оның келгеніне өте қуанышты болды, шешесі мен әжесінің оған қарап көзі тоя алмады. Палконың әкесі сәл мұңды болды, өйткені ол өздеріне жаңа үй іздеп жүрді. Сол кезде Филина ағай жақсы кеңес берді: «Өз үй ішінді ал да, қыста таудағы үйшікке қоныстан. Славковская биби саған кәрі ағаштарды береді, сөйтіп, сен оларды өзіңе арнап өңдейсің, орманшы орманды қайтадан өсіргісі келеді. Ал бұл кезде сіздер үшін ыңғайлы бірдеңе табылып қалуы мүмкін. Өзіңмен бірге тек киім-кешегің мен қажетті заттарыңды ал. Төсек орындық жайма, стол, орындық, ас үйлік ыдыстар қорғанда жеткілікті мөлшерде бар».

Бұл ұсынысы үшін бәрі де Филина ағайға алғыс айтты. Славковская биби өз әкесі және Моравец апаймен бірге қорғанға көшіп келді. Әр күн сайын Ондрейконың шешесі бақташы лашығына келіп, сонда кешке дейін болатын. Кейде ол сонда қалып, Ондрейконың бөлмесінде түнейтін; көбінесе ол өзімен бірге балаларды да қорғанға ертіп әкелетін. Сонда Славковская мырзаның басшылығымен кейбір жоспар қайта басталатын. Ақшаны алып, өз мырзасымен кеңескен бағбан

жұмысқа ынталана кірісіп кетті. Екі аптадан соң қорған мен оны қоршаған бақ танымастай өзгерді. Сырты мен ішінен бүлінгеннің бәрі дұрысталайып, қалпына келтірілді. Ағаш ұсталары жылтыр еденді, төбені терезелерді есікті жөнге келтіріп жинастырған кезде көптеген әдемі ағаш орындықтар, кереуеттер, столдар мен басқа мүліктерді тапты, мұның бәрі Палконың үйшігіне толық сай келді. Енді Лезинаның үй іші қысқы уақытқа өздерін жайлы және жақсы сезді. Тіпті Дунай да тамаша үйшікті болды, онда ол жауын-шашынды күндері жайғаса алатын.

Жаздың жылы кеші еді. Бақташы үйінің алдында от жағылған. Бүгін той болады, — деп Филина ағай бүкіл қызметкерлерді шақырды. Бұл не той? Мұны ешкім білген жоқ, Дунай мен Фидельдің қошеметтеуімен лашыққа Петір, Ондрейко және Палко келді. Балалар Лезинаның үйіне сәлемдесуге барды, ол үйден әр түрлі сәлем-сарқыттар әкелді. Палконың әжесі балаларға жаңғақ қосып пісірілген өріктің тұтас қорабын берді, ал Ондрейко болса, бұлар құрма мен пістеден де дәмдірек екен, — деп сендірді.

— Бүгін апамның үлкен қуанышы, — деді Ондрейко өз досы Палкоға. — Ақыр аяғында, Америкадағы әжемнен хат келді. Сондай-ақ ол маған да өте жылы лебізді кішкентай хат жазып жіберді. Рас емес пе, Петір?

— Иә, солай, ол өте жылы лебізбен жазды, маған да сәлем жолдады, — деп мақұлдап қойды Петір.

— Оның апам не жазғанын білмеймін, бірақ ол дереу атама жүгіріп барып, жылап әрі күліп, оның мойнынан құшақтады. Шамасы, олар менің түсінгенімді қаламаған болса керек, сондықтан ағылшынша сөйледі. Бірақ олар кейінірек бізге бәрін айтып берді. Бүгін бізде той болады, — деді Филина ағай.

— Ал біз жаңа әнді жаттадық! О, бұл не деген ән десеңші! Біз оны бүгін шырқаймыз, бұл ән сенің ата-

аналарыңа ұнайтын шығар деп ойлаймыз, — деп мақтанып қойды Петір.

Иә, той айта беретіндей болды! Иошко істікке екі қозыны қақтап пісірді, Филина ағай бәріне өте тамаша ірімшік ұсынды. Славковская бибі барлығына алмұрт пен өрік таратты. Стево екі құмыра бұлақ суын әкелді, ал Моравең апай келгендерді пісірілген тағамдармен сыйлады. Бәрі де Палконың әдемі әрі қарапайым анасын, оның әкесі мен қайырымды кәрі әжесіне ауқат жасады. Тамақ жеп болған соң барлығы алаудың маңайына орналасты. Славковский мырза Қасиетті Жазуды ашып, 103-Жырды оқыды. Ол Құдайдың бәрін кешіретін ұлы махаббаты туралы байыппен айтты. Содан соң бәрі қосыла бір гимнді шырқады. Бұдан кейін Палко өз Кітабынан оқыды. Ол өзінің бүкіл үй ішімен Иса Мәсіхті қабылдаған жүзбасы Корнилий туралы (Елшіл. іст. 10:1-48) оқыды. Бұл адамның өмірі қайғылы болғанымен, ол үнемі сиынып, көптеген қайырымдылық жасады. Бірақ ол ақиқат жолды білмеді, сондай-ақ Иса Тәңірді де ол білмеді. Сөйтіп, оған елші Петір, сонымен бірге Иса Тәңірдің Өзі келгенде ол қандай бақытты болды десеңші! Оның үйінде бәрі Иса Мәсіхті қалай қуана қабылдады дерсің!

Содан соң бүкіл дүниенің күнәсін өзіне арқалаған Құрбандықтың құрметіне тауда ән шырқалды, бұл ән айтылғанның бәріне сондай ұқсас болды:

*Алғыс Саған, Ғұзырыңа,
Құдай Ұлы шарт етті:
Азап шектің, бізді қығына,
Біз үшін Сен қан төктің!*

*Залымдық пен күнәмізді,
Өз мойныңа алып өлгенсің,
Сондадағы мына бізді
Сүйіп, баға бергенсің,*

*Құтқарушым, қуанамын,
Төгем жасты егіле
Кешірет Құдай жқбанамын,
Осы үшін Ол мені де.*

*Бірақ шексіз бұл қарызды
Қалай ғана өтермін?
Мәңгі бақи дұғамызды
Арнап Саған кетермін!*

Ән тына қалды, алауды жағалай отырған тыңдаушылардың жүздерінен олар үшін бұл құрбандық пен ымыраласудың қаншалық қымбатты екендігін түсінуге болар еді. Әсіресе олардың ішінен Филина ағайдың байсалды жүзі ерекшеленіп тұрды. Маңай тыныштық болатын, тек қоңыраудың әлсіз сыңғыры ғана мұны анда-санда бұзып тұрды. Аспанды қаһарлы бұлттар жапты, батыстан найзағай жалтылдады, алыстан күннің күркірі естілді. Бірақ найзағай алыстан жанамалап кетті.

Сәл үнсіздіктен кейін Филина ағай орнынан тұрды да Иса Тәңірдің, Оның бұларға келіп, қастарынан өтіп кетпегені үшін Оған алғыс айтқаннан кейін, ол өзі, яғни Филина ең бақытты жан болып отырған бүгінгі салтанаттың себебін хабарлады.

Тек Славковская бибі ғана емес, сондай-ақ оның әкесі де осында қалуға тілек білдірді! Ертең, егер Тәңір қаласа, Славковский мырза өз зайыбын әкелу үшін Америкаға жүріп кетеді. Ол өз дүние-мүлкін сатысымен ата жұртына оралады да, оны енді ешуақытта тастап кетпейді.

Осы хабарды естіген кездегі қатысушылардың бойын билеген бұл қуанышты күйді кім сипаттай алды десеңші! Ондрейко өз апасын, атасы мен Филина ағайын қушақтады.

— Біз осында, Филина ағай тұратын өзіміздің тауда

қаламыз! Біз алыс елге бармаймыз, біз үйде, өзіміздің тауда қаламыз! Палко да бізбен бірге болады!

— Иә, балақаным, — деді атай баланы өзіне тартып, — біз мұнда Иса Мәсіх үшін және Онымен бірге тұрамыз.

Көп кешікпей алау сөніп қалды. Алыстан тағы да күн күркіреп, найзағай ойнады, бірақ бақташы лашығының үстінде жарық жұлдыздар жымыңдады. Бәрі тараған кезде Филина әдеттегісіндей бәрін рет-ретімен тексеруге шықты. Бұрынғыдай, ең алдымен ол Славковская бибі жиі отыратын отырғышқа аялдады. Бұл жолы да отырғыш бос емес екен. Ол елеусіз өте шықпақшы болып еді, бірақ оны шақырып алды.

— Сенің келетініңді біз білгенбіз, — деді Славковский мырза оған орын ұсынып жатып. — Мариамның сенен бірдеңе туралы сұрағысы келеді.

— Менен бе? — деп сұрады таңқалған ағай.

— Иә, нақ сізден, қымбатты ағай. Мен сізден бақташылықты тастап, бізге келуіңізді сұрағым келіп еді. Біз сізді өзіміздің имениенің бақылаушысы етіп қоямыз да, бір үй іші болып тұрамыз.

Жас әйел мұны одан бүкіл шын жүрегімен сұрады. Бірақ қарт бақташы басын шайқап қойды.

— Алғысымды айтамын, қымбатты қызым, — деді ол толқып. — Сіздермен өте шын жүректен бір үй ішін құрар едім, өйткені осының бәрі маған қымбат қой, бірақ мені өзімнің жұмысымнан ала көрмеңіз. Бақытсыз адам бола жүріп, мен осы іспен айналыстым, сөйтіп, осының өзі менің қайғымды жұбатты. Мен қойларға, табиғат пен осы жұмысқа үйреніп кеттім. Ал енді аспан да мен үшін ашылған кезде маған босағада тұруға рұқсат беріңіз! Мен қарапайым бақташымын, ал сіздер ауқатты мырзаларсыздар, бұған қысылмаңыздар! Өміріме қажеттінің бәрін мен адал еңбекпен табамын. Менің баспанам бар әрі мен енді жалғыз емеспін, өйткені сіздер мені жақсы көресіздер ғой. Біз бір-бірімізге,

әсіресе, қымбатты бауырым, сен Америкадан келгенде қонаққа баратын боламыз. Бірақ сіздерден бірнәрсе жайында сұрағым келеді: егер сендерде артық қаржы болса, онда Палконы мектепке беріңіздер! Оның әкесі өзінің ұлына білім беруге ештеңе бөле алмайтынына ол өте қайғырады. Тәңірім оған бергенді, әрине, ешбір мектеп бере алмайды; бірақ егер адамдар мінбеден осындай сеніммен уағыз айтатын болса, онда Шындық Нұры көп кешікпей біздің бейшара халқымыздың үстінен шұғыласын шашатын болады!

— Филина ағай, сізге алғыс айтамын. Менің өзім де бұл жөнінде ойлағанмын, бірақ бұл тақырыпта Палконның әкесімен сөйлесудің ретін таба алмай жүр едім. Келіншек Филина ағайдың күсті қолдарын қысып қойды. — Сеніңіз, маған, Палко үшін мен өзімнің қолымнан келгенінің бәрін шын көңілден жасаймын. Ол бізге Нұр мен құтқарылу әкелді. Мейлі, ол құтқарылу жөнінде бұл хабарды әлі де көптеген адамдарға жая берсін.

Жер бетіне ақырын түн келді. Кейде сыбызғының дауысы естілді. Стево түнгі күзетте тұрды, сонымен бірге таныс словак әуенін ойнауда:

*Білсем, егер қайда қашты қара түн,
Қуатым бар, қайтарып оны алатын.*

Бірақ түн кетіп, қайтып оралған жоқ. Мұның себебі не? Өйткені түннен кейін жаңа таң басталды, бұл таң Иса Тәңірді қабылдағандар үшін толық берекеге толы еді әрі Ол оларға Құдай балалары болу билігін берген болатын.

КРИСТИНА РОЙ

Кристина Рой 1860 жылы Ескі Тура қаласында дін қызметкерінің үйінде дүниеге келді. Ол 28 жасқа келгенде өзі соңғы жылдар бойына оқырманы болған «Вифания» журналының редакторымен танысады. Онымен және оның маңайындағылармен араласу оған жаңа көкжиектерді ашып береді.

Бұдан арғы бүкіл ғұмырын Кристина Рой Ізгі Хабардың тарауына сарып етеді. Өзінің жазушылық талантын ашқан ол, қаламын осы мақсатқа арнайды.

Оның қаламынан жетпістен астам кітап пен кітапшалар туды. Оның тамаша әңгімелері жиырмадан астам тілде басылып келеді. Мысалы, «Құдайсыз өмірде» деген әңгімесі 21 тілге, оның ішінде қытай тіліне аударылған.

Бірақ бұл тамаша әйелдің қабілеті тек жазушылық істе ғана танылып қойған жоқ. 1897 жылы ол өз қаласында көп адамдар үшін шапағаттылыққа айналған «Жасыл Айшық» қоғамын ұйымдастырды. 1912 жылы оның бастамасымен Ескі Турада аурухана салынды.

1936 жылы ол «Күн еліне» аттанды.

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114

Алматы — 114,

а/я 68

«Шығыс сәулесі»

КРИСТИНА РОЙ

УШ ДОС